

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ**

**«АЛМАТЫ МЕМЛЕКЕТТІК БИЗНЕС КОЛЛЕДЖІ» МКҚК
АЛМАТЫ Қ. БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ**

**МЕМЛЕКЕТТІК АТТЕСТАТТАУ АЯСЫНДА КОЛЛЕДЖДІҢ
БІЛІМ БЕРУ ІС-ҚЫЗМЕТІН ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ
ЕСЕБІ**

Алматы, 2022 ж.

МАЗМҰНЫ

1. БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫ БОЙЫНША ЖАЛПЫ МАҒЛҰМАТТАР	3
2. КАДР ПОТЕНЦИАЛЫНЫҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ	6
3. КОЛЛЕДЖГЕ ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУ	10
4. ОҚУ, ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК, ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСТАР	17
5. ӨНДІРІСТІК ОҚЫТУ ЖҰМЫСТАРЫ	61
6. ТӘРБИЕ ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ	70
7. АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ БОЙЫНША ЖҰМЫСТАР	77
8. МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ БАЗА	80
9. МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ	88
10. КІТАПХАНАЛЫҚ ҚОР	89
11. ТАМАҚТАНДЫРУ НЫСАНЫ	90
12. ҚОРЫТЫНДЫ	91
13. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАР	92
14. ҚОСЫМШАЛАР	

1. БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫ БОЙЫНША ЖАЛПЫ МАҒЛҰМАТТАР

Білім беру ұйымының толық атауы:	«Алматы мемлекеттік бизнес колледжі» Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын
Білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекенжайы және нақты орналасқан жерінің мекенжайы):	050012, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 95 үй
Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электронды пошта, web-сайт);	жұмыс: 8 (727) 298-77-68, e-mail: ambk2012@mail.ru web-сайт:
Директордың байланыс деректері:	Самаликова Гульдана Амангелдиевна тел: 8 701 743 30 85
Өзін-өзі бағалау есебіне жауапты тұлға директордың оқу әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасарының м.а.	Абдуллаева Гульзада Абдуаєтовна тел: 87471451772

Алматы мемлекеттік бизнес колледжі Қазақ КСРО сауда министрлігінің 1950 жылдың 10 маусымындағы №1-134-а бұйрығы негізінде Алматы кеңес сауда техникумы болып құрылды.

Алматы кеңес сауда техникумына Қазақстан Республикасы білім министрлігінің 1992 жылдың 13 сәуіріндегі №179 бұйрығы негізінде Алматы коммерциялық техникумы атауы берілді.

Алматы коммерциялық техникумына Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің 1995 жылдың 11 желтоқсанындағы №312 бұйрығы негізінде Алматы бизнес колледжі атауы берілді.

Алматы мемлекеттік бизнес колледжі (ары қарай Колледж) Білім беру қызметін ҚР Конституциясына, ҚР Президентінің жарлықтарына, ҚР "Білім туралы" Заңына, 2019-2025 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасына, ҚР "Еңбек туралы" Заңына, ҚР Білім және ғылым министрлігінің директивалық құжаттарына, уәкілетті орган – Алматы қаласы білім басқармасының өкімдеріне сәйкес жүргізеді.

Алматы қаласы Әкімінің 1999 жылғы 18 қаңтардағы № 59 шешіміне сәйкес Колледж Алматы қаласының Әділет басқармасында тіркелген мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын болып табылады. «Алматы мемлекеттік бизнес колледжі» МКҚК Алматы қаласының Әділет Департаментінде мемлекеттік қайта тіркеуден өтті: Алматы қаласы Әділет департаментінің заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы 31.07.2008 ж. В сериялы № 0336700 тіркеу нөмірі 25026-1910-ГП сәйкестендіру нөмірі 990340002714 куәлігі.

Колледждің құрылтайшылық және құқық белгілеуші құжаттары:

- Алматы қаласы білім Басқармасы Алматы мемлекеттік бизнес колледжі Жарғысы, Алматы қаласы Әкімдігінің 2008 жылдың 14 маусымындағы №3/543 Қаулысымен бекітілген.
- Алмалы ауданындағы Алматы қалалық білім беру басқармасының Алматы бизнес колледжі жер учаскені тұрақты жер пайдалануға беру туралы ҚР «Жер туралы» 2001 жылғы 24 қаңтардағы №152-ІІ Заңына сәйкес Алматы қаласы Әкімшілігінің 2002 жылғы 13 қарашадағы №5/710-277 Қаулысымен бекітілген жер учаскесіне меншік құқығын, тұрақты жер пайдалану құқығын беретін акт, жер учаскесінің кадастрлік номері: 20-311-016-101, жер учаскесінің көлемі 0,5166 га.
- Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Шевченко көшесі 95 үй мекен-жайында орналасқан Білім беру қызметімен (қосымшаға сәйкес) айналысуға Алматы қаласы білім Басқармасы «Алматы мемлекеттік бизнес колледжі», 25026-1910-МК, 31.07.2008ж. Мемлекеттік лицензиясы, АА-5 сериясы, лицензия нөмірі №0059617, берілген күні 22 қыркүйек, 2008 жыл. Лицензияны берген орган Алматы қаласының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы, 2008 жылғы 22 қыркүйек №106-н/л бұйрығының негізінде.
- Алматы мемлекеттік бизнес колледжінің 5 жыл мерзімге аккредиттеуден өткендігін растайтын куәлік (7 білім беру бағдарламасы), «Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі» IAAR, куәліктің жарамдылық мерзімі 14.06.2019ж. – 13.06.2024ж.; Тіркеу нөмірі AA D168.
- Постмониторингтен өтуді растайтын хат (7 білім беру бағдарламасы), «Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі» IAAR, 23.12.2021 жыл, №10829.
- Жүйе сапа менеджменті Техникалық, кәсіптік және орта білімнен кейінгі білім беру саласындағы мамандарды дайындауда білім беру қызметі мен оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер мен көмек құралдарын жетілдіруге қатысты ҚР СТ ISO 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар» талаптарына сәйкестігін куәландыратын сәйкестік сертификаты, ҚР Мемлекеттік техникалық реттеу жүйесінің Мемлекеттік тізімінде тіркелген 06.05.2019 жыл, №KZ.7500133.07.03.00516; KZ. O.02.0133, ҚСС №0093679; ҚР Мемлекеттік техникалық реттеу жүйесі, «EUROASIA MS» ЖШС.
- Колледж бойынша барлық жылдық жұмыс жоспарлары. Колледждің жылдық жоспары Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығына сәйкес жасалынған. Жылдық жоспар барлық құрылымдық бөлімдер бойынша жеке дайындалады және колледж директорымен бекітіледі.

Жоспарда колледж миссиясы, пайымы, стратегиялық мақсаты туралы қысқаша ақпарат қоса беріледі.

Колледжде техникалық және кәсіптік білім беру бағытында келесі мамандықтар бойынша дайындайды:

Кесте 1.1. Колледж мамандықтарының тізімі

Бұрынғы жіктеуіш бойынша		Жаңа жіктеуіш бойынша	
Мамандық	Біліктілік	Мамандық	Біліктілік
0518000 - Есеп және аудит	051803 3 - Экономист-бухгалтер	04110100 - Есеп және аудит	4S04110102 Бухгалтер
0516000 - Қаржы (салалар бойынша)	051605 3 - Қаржы жұмысы бойынша экономист	04120100 – Банк және сақтандыру ісі	4S04120103 Банк операциялары жөніндегі менеджер
0515000 – Менеджмент (қолдану салалары бойынша)	0515013 - Менеджер	04130100 - Менеджмент (қолдану салалары бойынша)	4S04130101 - Менеджер
0513000 – Маркетинг (салалар бойынша)	051301 2 – Азық-түлік тауарларының сатушысы	04140100 - Маркетинг (салалар бойынша)	3W04140102 - Мерчендайзер
	051304 2 – Коммерциялық агент		4S04140103 - Маркетолог
	051305 3 - Маркетолог		
1304000 – Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)	130401 2 – Электрондық есептеу машиналарының операторы	06120100 - Есептеу техникасы және ақпараттық желілер (түрлері бойынша)	3W06120101 Компьютерлік аппараттық қамтамасыз ету операторы
	130404 3 – Техник-программист		
1226000 – Тамақтандыру кәсіпорындарының өнім өндіру	122605 2 – Жартылай дайындалған тағам өнімдерін даярлаушы	10130300 - Тамақтандыруды ұйымдастыру	3W10130302 - Аспазшы

технологиясы және оны ұйымдастыру	122609 2 – Тамақтану кәсіпорындарының аспазы		
	122604 3 – Техник - технолог		
1219000 – Нан пісіру, макарон және кондитер өндірісі	121914 2 - Наубайшы	07210300 - Нан пісіру, макарон және кондитер өндірісі	3W10130302 - Наубайшы
	121914 3 - Техник - технолог		

Оқу орнының іс-қызметінде жоғарғы органға педагогикалық кеңес жатады, колледж оқытушылары мен қызметкерлері осы органның мүшелері болып табылады. Колледжде оқыту мемлекеттік және орыс тілдерінде, күндізгі оқыту түрі бойынша жүргізіледі.

Қосымша 1.

2. КАДРЛЫҚ ПОТЕНЦИАЛ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Кадр бөлімінің жұмысы оқу жылына бекітілген жылдық жоспарға сәйкес жүргізіледі.

Педагогтің лауазымдық міндеттері және педагогикалық этика нормалары

Колледждің білім беру үрдісіне барлық қатысушылар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №120 бұйрығымен және педагогикалық этика ережелерімен таныстырылды. 2021 жылғы 19 сәуірде колледждің педагогикалық кеңесінде педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің құрамы 7 адамнан бекітілді (қалалық білім басқармасының қызметкерлері, жұмыс берушілер (келісім бойынша), педагогикалық еңбек ардагерлері мен педагогтар қатарынан). 2021 жылғы 27 қазанда Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің құрамын бекіту туралы колледж бойынша бұйрық шығарылды. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің 2021-2022 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілді. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің алғашқы отырысы 27 қазанда өтті, онда кеңес төрайымы болып Г.М.Айтқулова, хатшысы Н. Т. Сериккулова сайланды. Осы отырыста Кеңестің 2021-2022 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілді. Кеңестің екінші отырысында "Педагог мәртебесі туралы Заңның", Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №120 бұйрығының іске асырылуын бақылауды жүзеге асыру мәселесі талқыланды.

Педагогтердің сандық және сапалық көрсеткіші

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру

ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы негізінде педагогтердің біліктілік санаты деңгейін бес жылда кемінде бір рет арттырудан (растаудан) өткенін растау келесі құжаттар негізінде іске асырылады:

- Ұлттық біліктілік тестілеуден өту туралы анықтама;
- Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлерін аттестаттау туралы «Алматы қаласы білім басқармасы» КММ басшысының бұйрықтары («педагог – модератор», «педагог – сарапшы», «педагог-зерттеуші»);
- Білім беру ұйымдары басшыларының орынбасарларын аттестаттау туралы «Алматы қаласы білім басқармасы» КММ басшысының бұйрығы;
- Аттестатталушы техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары басшыларының орынбасарларына біліктілік санаттарын беру туралы «Алматы қаласы білім басқармасы» КММ басшысының бұйрығы;
- Педагог қызметкерлерге біліктілік санаттарын беру туралы колледж директорының бұйрығы;
- Алматы мемлекеттік бизнес колледжінің штаттық оқытушылардың 01.02.2022ж бойынша (жоғарғы, бірінші, екінші санатты) тізімі;
- Біліктілік санатын беруге (растауға) аттестатталушы педагогты аттестаттау туралы куәлік.

Колледждің оқытушылар құрамы білім беру қызметінің басты ресурсы болып табылады. Колледждің кадрлық саясаты стратегиялық мақсаттарға, саясатқа сәйкес келіп, заңнамалық актілерге, ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады. Кадрларды іріктеу және орналастыру персоналды басқару рәсімдері бойынша нормативтік құжаттарға сәйкес жүргізіледі: Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңы, Жарғы, біліктілік сипаттамаларының талаптары. Жұмысқа қабылдау еңбек шартын жасасу негізінде жүзеге асырылады (30-бап ҚР Еңбек кодексі). Жұмысқа қабылдау кезінде қызметкерлердің базалық кәсіби білімінің, сондай-ақ тәжірибелік жұмыс өтілімінің, жеке қабілеттерінің, кәсіби құзыреттілігінің және жеке басының қасиеттерінің болуы ескеріледі. Жұмысқа қабылдау кезінде оқытушымен жеке еңбек шарты жасалады, кадр бөлімінің инспекторы оқытушы мен колледж қызметкерін ішкі еңбек тәртібімен, корпоративтік этика ережелерімен, тиісті қызмет түрін регламенттейтін ережелермен таныстырады. Колледжде педагогтің кәсіби қызметіне:

- соттың заңды күшіне енген үкіміне сәйкес педагогтің кәсіби қызметін жүзеге асыру құқығынан айырылған;

- іс-әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеті шектеулі деп танылған, соның нәтижесінде қызметкердің еңбек қатынастарын жалғастыру мүмкіндігі жоқ;
- психиатриялық және (немесе) наркологиялық жазбалардан тұратын медициналық қарсы көрсетілімдері бар;
- техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы құжаттары жоқ;
- адам өлтіргені, денсаулыққа қасақана зиян келтіргені, адамдардың денсаулығына және имандылыққа, жыныстық қолсұғылмаушылыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін, экстремистік немесе террористік қылмыстар, адам саудасы үшін сотталғандығы бар немесе болған, қылмыстық қудалауда жүрген немесе қудалауда болған адамдарды жұмысқа орналастыруға жол берілмейді, осы бағыттағы заңнама жағдайлары қатаң сақталады.

Жоғарыда келтірілген пункттер бойынша педагогтің кәсіби қызметіне қайшы келетін тұлғаларды жұмысқа орналастыруға жол бермеу мақсатымен жұмысқа қабылдау кезінде келесі құжаттар талап етіледі:

- соттылығы жоқ туралы анықтама;
- наркологиялық диспансерлік есепте тіркелмегендігі туралы анықтама;
- психикалық аурулар есебінде тіркелмегендігі туралы анықтама;
- техникалық және кәсіптік орта білімнен кейінгі, жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімі туралы диплом.

Колледждің оқытушылар құрамы білім беру қызметінің басты ресурсы болып табылады. Колледждің кадрлық саясаты стратегиялық мақсаттарға, саясатқа сәйкес келіп, заңнамалық актілерге, ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады. Құрылымдық бөлімдердің штаты жоғары біліктілігі бар қызметкерлерден тұрады, басқару міндеттеріне сәйкес келеді.

Кадрларды іріктеу және орналастыру персоналды басқару рәсімдері бойынша нормативтік құжаттарға сәйкес жүргізіледі: Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңы, Жарғы, біліктілік сипаттамаларының талаптары. Персоналды басқару жүйесі лауазымдық нұсқаулықтар арқылы функционалдық міндеттерді бекітуді көздейді. Әкімшілік-басқару құрылымының жұмысы ҚР Білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық актілердің талаптарын, техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын оқу орындарының қызмет ережелерін сақтай отырып жүзеге асырылады. Әкімшілік-басқару құрылымының функционалдық міндеттері бөлімдер туралы тиісті ережелерде және лауазымдық нұсқаулықтарда бекітілген, басшылар арасында ұтымды бөлінген, оларда функциялардың қайталануы жоқ. Колледждің кадрлық қамтамасыз етілуі және әкімшілік-басқару қызметкерлерінің штаттық кестесі күнтізбелік жылдың бірінші қыркүйегінде белгіленеді. Штаттық кестенің лауазымдары колледждің типі мен түріне, басшылардың, мамандардың және қосалқы персоналдың біліктілік анықтамалығына сәйкес келеді. Басқару

қызметі колледжді басқару құрылымына және құрылымдық бөлімдер басшыларының лауазымдық міндеттеріне сәйкес жүзеге асырылады. Басқарманың алқалылығы колледждің педагогикалық кеңесі, әдістемелік кеңес, пәндік-циклдік комиссия арқылы жүзеге асырылады. Колледждің оқытушылар құрамының кәсіби деңгейі мен педагогикалық біліктілігі әрбір аттестатталатын мамандық пен кәсіп бойынша дайындық мазмұнына сәйкес келеді, бұл білімі туралы құжаттармен, жалпы және педагогикалық жұмыс өтілімен, мамандығы бойынша практикалық жұмыс тәжірибесімен, біліктілікті арттыру мен тағылымдамаларды ұйымдастырумен, оқу-әдістемелік жұмысқа қатысумен расталады.

Педагогикалық қызметкерлер білім беруді тиімді іске асыру қажеттіліктеріне сүйене отырып, сондай-ақ бір штаттық оқытушыға және білім алушылар контингентіне арналған оқу жүктемесінің жалпы көлеміне сүйене отырып қалыптастырылады.

Жұмысқа қабылдау еңбек шартын жасасу негізінде жүзеге асырылады (30-бап ҚР Еңбек кодексі). Жұмысқа қабылдау кезінде қызметкерлердің базалық кәсіби білімінің, сондай-ақ тәжірибелік жұмыс өтілімінің, жеке қабілеттерінің, кәсіби құзыреттілігінің және жеке басының қасиеттерінің болуы ескеріледі.

Педагогикалық қызметкерлердің сандық және сапалық құрамы "Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы №391 бұйрығына сәйкес штаттағы оқытушылар үлесінің біліктілік санаттары мен атақтары бар жалпы санына арақатынасының нормативтік көрсеткіштерімен анықталады (11.03.2016 ж.өзгерістермен).

Сандық құрамының көрсеткіші 2021-2022 оқу жылы бойынша инженер-педагог қызметкерлер саны, барлығы - 102; соның ішінде: педагогтар – 92; өндірістік оқыту шеберлері – 10.

Педагогикалық қызметкерлердің сапалық көрсеткіші бойынша кезекті және мерзімінен бұрын педагогтарды аттестаттаудан өткізу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес іске асырылады.

Барлығы -102, оның ішінде:

- жоғары санатты – 21 (20%);
- бірінші санатты – 5 (5%);
- екінші санатты – 5 (5%);

- педагог – зерттеуші – 6 (5,9%);
- педагог-сарапшы – 1 (1%);
- педагог-модератор – 17 (16,7%);
- Санаты жоқ-47/46%

Біліктілік санаты бойынша – **55 (54%)**.

Барлық педагогтар жоғары оқу орнын бітірген, оның ішінде магистр академиялық дәрежесін алған педагогтар саны -**38/37%** құрайды.

Кесте 2.1. Педагогтердің біліктілік санаты бойынша талдау

	Біліктілік санаты бойын	соның ішінде						
		Жоғары	бірінші	екінші	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы	Педагог-модератор	Санаты жоқ
Педагогтер – 92	51/55,4 %	21/22%	4/4,3 %	5/5,4 %	5/5,4%	-	16/17,3 %	41/44,5%
Өндірістік оқыту шеберлері - 10	4/40%	-	1	-	1	1	1	6/60%
Барлығы - 102	55/54 %	21/20%	5/5%	5/5 %	6/5,9%	1/1%	17/16,7 %	47/46 %

Қосымша 2.

3. КОЛЛЕДЖГЕ ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУ

Білім алушылар контингенті колледж іс-қызметінің сандық және сапалық аспектілерін сипаттайтын абсолютті және салыстырмалы көрсеткіштерінің кешені болып табылады. Соңғы бес жылда колледж техникалық, технологиялық және экономикалық бағыттар бойынша күндізгі оқу формасымен мамандарды дайындауды іске асыруда. Колледжге қабылдау тәртібі Қазақстан Республикасының 2007 жылдың 27 шілдесіндегі «Білім туралы» Заңына, «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы №578 бұйрығына (04.06.2021 ж жаңартылған) сәйкес және колледж директоры бекіткен қабылдау Ережелеріне негізделіп, іске асырылады.

АМБК оқуға түсуші абитуриенттер оқуға түсу үшін өтінішпен бірге білімі туралы құжаттың түпнұсқасын, орта мектеп түлектері - ағымды жылдағы Ұлттық Бірыңғай Тестілеу (өз еркімен) нәтижелері жөніндегі сертификатты, флюорографиялық суретпен №175-У үлгідегі медициналық анықтаманы (бала кезінен I-II топтағы мүмкіндігі шектеулі тұлғалар үшін медициналық-әлеуметтік сараптама комиссиясының қорытындысын), 3x4

өлшемдегі 4 дана фотосуретті ұсынады. Колледжге түсушілердің жеке басын растайтын құжаттарды (жеке куәлік, төлқұжат немесе туу туралы куәлік) өзі, ата-анасы немесе заңды өкілі ғана береді.

Кесте 3.1. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша 2020-2021 оқу жылына абитуриенттерді қабылдау

№	Мамандық атауы	Біліктілік	Орын саны	Оқыту тілі		Негізгі орта білім негізінде
				Орыс тілі	Қазақ тілі	
1	0518000 Есеп және аудит	051803 3 Экономист-бухгалтер	100	50	50	100
2	0515000 Менеджмент (қолдану салалары бойынша)	051501 3 Менеджер	50	25	25	50
3	0513000 Маркетинг (салалар бойынша)	051305 3 Маркетолог	25	25	-	25
4	1304000 Есептеу техникасы және бағдарламалық қамсыздандыру (түрлері бойынша)	130404 3 Техник-программист	50	25	25	50
5	1226000 Тамақтандыру кәсіпорындары өнім өндіру технологиясы және оны ұйымдастыру	122609 2 Тамақтану кәсіпорындарының аспазы	75	25	50	75
		122604 3 Техник-технолог	50	25	25	50
6	1219000 Нан пісіру, макарон және кондитер өндірісі	121914 2 Наубайшы	25	25	-	25
Барлығы			375	200	175	375

Кесте 3.2. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша 2021-2022 оқу жылына абитуриенттерді қабылдау

№	Мамандық атауы	Біліктілік	Орын саны	Оқыту тілі		Негізгі орта білім негізінде
				Орыс тілі	Қазақ тілі	

1.	04130100 Менеджмент (қолдану салалары бойынша)	4S04130101 Менеджер	50	25	25	50
2.	04140100 Маркетинг (салалар бойынша)	4S04140103 Маркетолог	50	25	25	50
3.	06120100 Есептеу техникасы және ақпараттық желілер (түрлері бойынша)	3W06120101 Компьютерлік аппараттық қамтамасыз ету операторы	75	25	50	75
4.	04140100 Маркетинг (салалар бойынша)	3W04140102 Мерчендайзер	25	25	0	25
5.	07210300 Нан пісіру, макарон және кондитер өндірісі	3W07210303 Наубайшы	25	25	0	25
6.	10130300 Тамақтандыруды ұйымдастыру	3W10130302 Аспазшы	100	50	50	100
	Барлығы		325	175	150	325

Алматы мемлекеттік бизнес колледжінің қабылдау комиссиясы қабылдау Ережелеріне сәйкес жұмыс істейді. Оқуға түсу үшін жеке тұлғалардан өтініш, оқуға түсу емтихандары мен білім алушылар құрамына оқуға қабылдау кезеңіне 10 маусымнан кешіктірмей, колледж директорының бұйрығымен мүшелері тақ саннан тұратын қабылдау комиссиясы құрылады. Қабылдау комиссиясының құрамына жергілікті үкімет пен атқару органдарының өкілдері, жұмыс берушілер, қоғамдық және білім беру мекемелерінің өкілдері кіреді. Қабылдау комиссиясының төрағасы сайланады.

Мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы (өтініш беруші немесе оның заңды өкілі) колледжге (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші), не «электрондық үкіметтің» веб-порталына (бұдан әрі – портал) жүгінеді және «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына (бұдан әрі – Стандарт) сәйкес құжаттарды ұсынады. Мемлекеттік қызмет көрсету үрдісінің сипаттамаларын, қызмет көрсету нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсетудің ерекшеліктері ескерілетін өзге де ақпаратты қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі мемлекеттік қызмет стандартында көрсетілген.

2021-2022 оқу жылында білімі туралы құжат сәйкестігі, сондай-ақ қабылдау квотасын ескерумен міндетті және бейінді пәндер бағаларының орташа конкурстық балл бойынша абитуриенттерді автоматтандырылған орналастыру нәтижелерімен Алматы қалалық Білім Басқармасының gz.bilimalmaty.kz ақпараттық жүйесі берген колледждің білім алушылар қатарына қабылдауға абитуриенттер тізімін ұсынды.

2021-2022 оқу жылында 2018 жылғы 13 қарашадағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің №746 қаулысының «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасына», 2018 жылғы 26 қарашадағы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің №578 «Техникалық және кәсіптік білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына», 2020 жылдың 12 мамырдағы ҚР білім және ғылым Министрінің №197 және 2020 жылдың 16 шілдедегі №303 бұйрықтарының өзгерістері мен толықтырылуларына сәйкес техникалық және кәсіптік білім берудің білім беру бағдарламалары бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы есебінен Алматы мемлекеттік бизнес колледжіне күндізгі бөлімге абитуриенттерді оқуға қабылдау жүргізіліп, Техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламалары бойынша білікті жұмысшы кадрларын дайындаумен колледжге оқуға түсуге Жұмыспен қамту орталығының берген жолдамалары бойынша колледж білім алушыларының құрамына абитуриенттер қабылданды.

Кесте 3.3. 2020-2021 оқу жылы бойынша оқуға қабылдау

Мамандық	Біліктілік	Қабылд анған талапке р лер саны	Соның ішінде оқыту тілі бойынша		Қаржыланд ыру көзі
			Мемлек еттік тілде	Орыс тілінд е	
0518000 Есеп және аудит	0518033 Экономист- бухгалтер	100	50	50	Мемлекетт ік білім беру гранты
0515000 Менеджер (қолдану салалары бойынша)	0515013 Менеджер	50	25	25	Мемлекетт ік білім беру гранты
13040000 Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету	130412 Электронды есептеу машинасының операторы	50	25	25	Мемлекетт ік білім беру гра нты

	1304043 Техник- программист				
0513000 Маркетинг (қолдану салалары бойынша)	0513012 – Азық-түлік тауарларының сатушысы 0513042 Коммерциялы қ агент 0513053 Маркетолог	25		25	Мемлекетт ік білім беру гранты
126000 Тамақтандыру кәсіпорындары өнім өндіру технологиясы және оны ұйымдастыру	122605 2 «Жартылай дайындалған тағам өнімдерін даярлаушы» 122609 2 «Тамақтану кәсіпорындар ының аспазы»	75	50	25	Мемлекетт ік білім беру гранты
	122604 3 «Техник- технолог»	50	25	25	Мемлекетт ік білім беру гранты
0518000 Есеп және аудит	0518033 Экономист- бухгалтер	10	7	3	Өзін-өзі қаржыланд ыру
0515000 Менеджер (қолдану салалары бойынша)	0515013 Менеджер	45	15	30	Өзін-өзі қаржыланд ыру
0513000 Маркетинг (қолдану салалары бойынша)	0513053 Маркетолог	8		8	Өзін-өзі қаржыланд ыру
13040000 Есептеу техникасы және	1304043 Техник- программист	15	6	9	Өзін-өзі қаржыланд ыру

бағдарламалық қамтамасыз ету					
126000 Тамақтандыру кәсіпорындары өнім өндіру технологиясы және оны ұйымдастыру	122604 3 «Техник-технолог»	4	2	2	Өзін-өзі қаржыландыру
Барлығы		432	205	227	

Кесте 3.4. 2021-2022 оқу жылы бойынша оқуға қабылдау

Мамандық	Біліктілік	Қабылданған талапкерлер саны	Соның ішінде оқыту тілі бойынша		Қаржыландыру көзі
			Мемлекеттік тілде	Орыс тілінде	
10130300 Тамақтандыруды ұйымдастыру	3W10130302 Аспазшы	100	50	50	Мемлекеттік білім беру гранты
06120100 Есептеу техникасы және ақпараттық желілер (түрлері бойынша)	3W06120101K омпьютерлік аппараттық қамсыздандыру операторы	75	50	25	Мемлекеттік білім беру гранты
4S04140103 Маркетинг (салалар бойынша)	3W04140102 Мерчендайзер	25		25	Мемлекеттік білім беру гранты
07210300 Нан пісіру, макарон және кондитер өндірісі	3W07210303 Наубайшы	25		25	Мемлекеттік білім беру гранты
04130100 Менеджмент (қолдану	4S04130101 Менеджер	50	25	25	Мемлекеттік білім беру гранты

салалары бойынша)					
04140100 Маркетинг (салалар бойынша)	4S04140103 Маркетолог	50	25	25	Мемлекеттік білім беру гранты
04110100 Есеп және аудит	4S04110102 Бухгалтер	39	21	18	Өзін-өзі қаржыландыру
04120100 Банк және сақтандыру ісі	4S04120103 Банк операциялары жөніндегі менеджер	12	5	7	Өзін-өзі қаржыландыру
06120100 Есептеу техникасы және ақпараттық желілер (түрлері бойынша)	3W06120101K омпьютерлік аппараттық қамсыздандыру операторы	16	1	15	Өзін-өзі қаржыландыру
04130100 Менеджмент (қолдану салалары бойынша)	4S04130101 Менеджер	49	34	15	Өзін-өзі қаржыландыру
04140100 Маркетинг (салалар бойынша)	4S04140103 Маркетолог	40	7	33	Өзін-өзі қаржыландыру
10130300 Тамақтандыруды ұйымдастыру	3W10130302 Аспазшы	14	5	9	Өзін-өзі қаржыландыру
1219000 Нан пісіру, макарон және кондитер өндірісі	1219243 техник-технолог	1	1		Өзін-өзі қаржыландыру
Барлығы		496	274	222	

Кесте 3.5. Білім алушылар контингентінің құрылымы

Р/с№	Контингент құрылымы	Негізгі орта білім	Жалпы орта білім	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі	Колледж бойынша барлығы
1	Білім алушылар саны	1533	38	1	1572
2	Жалпы сыныптар саны/ білім алушылар саны	68/1572	-	-	1572

Қосымша 3.

4. ОҚУ, ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК, ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСТАР

Педагогикалық кеңес – колледжді басқарудың коллегиялды органы, оқу-тәрбиелік, өндірістік және әдістемелік іс-қызмет сұрақтарын реттейді, колледж әкімшілігі мен ұжым арасындағы ұжымдық келісім-шарттың жаңа редакциясын қабылдау сұрақтарын шешеді, ұжымдық келісім-шартты бекітеді және ішкі тәртіп Ережесін, Жарғыны, оған өзгерістер мен толықтыруларды келіседі.

Педагогикалық кеңестің қызметі "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогикалық кеңесінің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2007 жылғы 24 қазандағы №506 бұйрығымен реттеледі.

Педагогикалық Кеңестің мүшелері болып табылады: білім беру ұйымының жетекшілік құрамы, барлық оқытушылар мен оқу-тәрбие персоналы, білім алушылар, базалық кәсіпорындар, мекемелер және ата-аналар қоғамдастығының өкілдері. Педагогикалық Кеңестің төрағасы колледж директоры болып табылады. Педагогикалық Кеңес екі айда бір рет жиналады. Педагогикалық Кеңес жүрісі мен шешімдері хаттамалармен толтырылады. Хаттамалар іс-қағаздар номенклатурасына сәйкес сақталады.

Оқу бөлімі бойынша

Оқу бөлімінің жұмысы оқу жылына бекітілген жылдық жоспарға сәйкес жүргізіледі.

Колледждің контингенті 01.04.2022 ж 1572 білім алушыны құрайды, соның ішінде күндізгі бөлімде – 1572; мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша – 700 білім алушы; нәтижелі жұмыспен қамту және кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы бойынша – 580; білім беру қызметін көрсету бойынша

келісім-шарт негізінде (ақылы бөлім) – 292; дуалды оқыту жүйесі бойынша – 508 білім алушы. Барлығы – 69 оқу топтары, соның ішінде – 28 оқу топтарында оқыту мемлекеттік тілде жүргізіледі.

Мамандар дайындауда колледж мамандықтары мен біліктіліктері төмендегі кестеде берілген.

Кесте 4.1. – Колледж мамандықтары мен біліктіліктерінің тізімі:

№	Мамандық коды мен атауы	Біліктілік коды мен атауы
1.	1226000 «Тамақтандыру кәсіпорындары өнім өндіру технологиясы және оны ұйымдастыру»	122605 2 «Жартылай дайындалған тағам өнімдерін даярлаушы»
		122609 2 «Тамақтану кәсіпорындарының аспазы»
		122604 3 «Техник-технолог»
2.	1219000 «Нан пісіру, макарон және кондитер өндірісі»	121914 2 «Наубайшы»
		121914 3 «Техник-технолог»
3.	1304000 «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамсыздандыру»	130412 2 «Электронды есептеу машинасының операторы»
		130404 3 «Техник-бағдарламашы»
4.	0515000 «Менеджмент» (қолдану салалары бойынша)	051501 3 «Менеджер»
5.	0513000 «Маркетинг» (қолдану салалары бойынша)	051301 2 «Азық-түлік тауарларының сатушысы»
		051304 2 «Коммерциялық агент»
		051305 3 «Маркетолог»
6.	0518000 «Есеп және аудит»	051803 3 «Экономист-бухгалтер»
7.	0516000 «Қаржы»	051605 3 «Қаржы жұмыстары бойынша экономист»
8.	10130300 «Тамақтануды ұйымдастыру»	3W1013032 «Аспазшы»
9.	072103300 «Нан пісіру, макарон және кондитер өндірісі»	3W07210303 «Наубайшы»
10.	06120100 «Есептеу техникасы және ақпараттық желілер» (түрлері бойынша)	3W06120101 «Компьютерлік аппараттық қамтамасыз ету операторы»
11.	04130100 «Менеджмент» (қолдану салалары бойынша)	4S04130101 «Менеджер»
12.	04140100 «Маркетинг» (қолдану салалары бойынша)	3W04140102 «Мерчендайзер»
		4S04140103 «Маркетолог»
13.	04110100 «Есеп және аудит»	4S04110102 «Бухгалтер»
14.	04120100 «Банк және сақтандыру ісі»	4S04120103 «Банк операциялары бойынша менеджер»

Күндізгі оқу бөлімі бойынша оқу жылдарының контингенті келесі кестемен берілген:

Кесте 4.2. – Оқу жылдары бойынша білім алушылар контингенті

Оқу жылы	Білім алушылар саны		соның ішінде				Қабылданды		Бітіріп шықты	
			әйелдер		Оқыту бойынша тілі					
	бюдж.	ком.	бюдж.	ком.	Мемлекеттік тілде	Орыс тілінде	бюдж.	ком.	бюдж.	ком.
2017-2018	1192	438	723	222	792	838	299	96	392	101
2018-2019	1196	334	699	148	741	789	400	87	319	95
2019-2020	1299	210	729	77	714	795	425	41	363	79
2020-2021	1302	180	709	57	683	799	375	90	341	42
2021-2022	1280	292	617	115	677	895	325	168	406*	40*

* - болжамды бітірушілер

Оқу жылдары бойынша контингент қозғалысы келесі кестеде берілген:

Кесте 4.3. – Білім алушылар контингентінің оқу жылдары бойынша қозғалысы

Оқу жылдары бойынша контингент қозғалысы	Оқу жылында келгені	Оқу жылында кеткені	Бітірушілер	
			Бюджет	Ақылы
2017-2018	17	111	392	101
2018-2019	33	106	319	95
2019-2020	20	70	363	79
2020-2021	27	40	341	42

Кесте 4.4. - 2021-2022 оқу жылындағы білім алушылар контингенті

№	Мамандық	Контингент		
		Барлығы	соның ішінде мемлекеттік тапсырыс бойынша	ақылы негізде
1	1226000 Тамақтандыру кәсіпорындарының өнім өндіру технологиясы және оны ұйымдастыру	346	330	16
2	10130300 Тамақтануды ұйымдастыру	113	100	13
3	1219000 Нан пісіру, макарон және кондитер өндірісі	76	75	1
4	72103000 Нан пісіру, макарон және кондитер өндірісі	25	25	0
5	0515000 Менеджмент (қолдану салалары бойынша)	168	100	68
6	4130100 Менеджмент (қолдану салалары бойынша)	87	50	37
7	0513000 Маркетинг (қолдану салалары бойынша)	60	50	10
8	4140100 Маркетинг (қолдану салалары бойынша)	114	75	39
9	1304000 Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)	190	175	15
10	06120100 Есептеу техникасы және ақпараттық желілер (түрлері бойынша)	91	75	16
11	0518000 Есеп және аудит	253	225	28
12	4110100 Есеп және аудит	26		26
13	0516000 Қаржы	13		13
14	04120100 Банк және сақтандыру ісі	10		10
	Барлығы	1572	1280	292

Колледж мамандарды күндізгі оқыту үлгісі бойынша дайындайды, оқыту тілдері – мемлекеттік және орыс.

Оқу бөлімі 4 бөлімнен тұрады:

Тамақтану индустриясы бөлімі:

- мамандық 1226000 «Тамақтандыру кәсіпорындары өнім өндіру технологиясы және оны ұйымдастыру»; біліктілік 122605 2 «Жартылай дайындалған тағам өнімдерін даярлаушы», 122609 2 «Тамақтану кәсіпорындарының аспазы», 122604 3 «Техник-технолог».

- мамандық 10130300 «Тамақтандыруды ұйымдастыру», біліктілік 3W1013032 «Аспазшы».

Менеджмент және маркетинг бөлімі:

- мамандық 0515000 «Менеджмент» (қолдану салалары бойынша), біліктілік 0515013 «Менеджер»;

- мамандық 04130100 «Менеджмент» (қолдану салалары бойынша); біліктілік 4S04130101 «Менеджер»;

- мамандық «Маркетинг» (қолдану салалары бойынша); біліктіліктер 0513012 «Азық-түлік тауарларының сатушысы», 0513042 «Коммерциялық агент», 0513053 «Маркетолог»;

- мамандық 04140100 «Маркетинг» (қолдану салалары бойынша), біліктілік 3W04140102 «Мерчендайзер», 4S04140103 «Маркетолог».

Есептеу техникасы және нан пісіру бөлімі:

-мамандық 1304000 «Есептеу техникасы және бағдарламалық камсыздандыру», біліктіліктер 1304012 «ЭЕМ операторы», 1304043«Техник-бағдарламашы»;

- мамандық 06120100 «Есептеу техникасы және ақпараттық желілер» (түрлері бойынша), біліктілік 3W06120101 «Компьютерлік аппараттық қамтамасыз ету операторы»;

- мамандық 1219000 «Нан пісіру, макарон және кондитер өндірісі», біліктіліктер 121914 2 «Наубайшы», 121914 3 «Техник-технолог»;

- мамандық 072103300 «Нан пісіру, макарон және кондитер өндірісі», 3W07210303 «Наубайшы».

Есеп-технологиялық бөлім:

- мамандық 1226000 «Тамақтандыру кәсіпорындары өнім өндіру технологиясы және оны ұйымдастыру», біліктілік 122604 3 «Техник-технолог»;

- мамандық 0518000 «Есеп және аудит», біліктілік 0518033 «Экономист-бухгалтер»;

- мамандық 04110100 «Есеп және аудит», біліктілік 4S04110102 «Бухгалтер»;

- мамандық 0516000 «Қаржы», 0516053 «Қаржы жұмыстары бойынша экономист»;

- мамандық 04120100 «Банк және сақтандыру ісі», 4S04120103 «Банк операциялары бойынша менеджер».

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 «Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» бұйрығына сәйкес білім алушылардың оқу

жүктемесінің ең жоғары көлемі күндізгі оқыту нысанында міндетті оқу жүктемесін – аптасына кемінде 36 сағат, сондай-ақ факультативтік сабақ пен консультацияны қоса алғанда 54 сағаттан аспайды.

Оқу үрдісінің кестесі Мемлекеттік білім беру стандартының талаптарына сәйкес барлық сандық және сапалық сипаттамаларды көрсетеді (теориялық оқу апталарының, тәжірибелік сабақтардың (оқу және өндірістік тәжірибе), аралық аттестаттау, қорытынды аттестаттау, демалыстар).

Оқу сабақтарының кестесі семестрлер бойынша құрастырылады және колледж директорымен бекітіледі, қажет болған жағдайда түзетулер енгізіледі. Онда оқу топтарының саны, оқу пәндері, сабақтардың орны мен уақыты, оқытушылардың аты-жөні көрсетіледі. Кестеге енгізілген оқу сабақтарының барлық түрлеріне білім алушылардың қатысуы міндетті.

Сабақ кестесінде аудиториялық сабақтардың барлық түрлері үшін академиялық сағаттың ұзақтығы 90 минутты құрайды, сабақтар арасындағы үзіліс 10 минутты құрайды, ауысым арасындағы үзіліс 30 минутты құрайды.

Оқытушылар күн сайын оқу үрдісі мен сабақ кестесіне сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарын ұстау үшін педагогикалық қызметкерлерге қажетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» №130 бұйрығына сәйкес теориялық және өндірістік оқыту журналдарын толтырады.

Оқу шығындарын толық өтейтін, ақылы негізде білім алушының мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқу үшін бос орындарға ауыстыру «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру саласындағы мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 қаңтардағы № 19 бұйрығы негізінде іске асырылады. Ақылы негізде оқудан мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға ауыстыру кезінде білім беру ұйымының басшысы 2 (екі) жұмыс күні ішінде өтінішті қарайды және оны білім беру ұйымының алқалы органының қарауына шығарады. Білім беру ұйымының алқалы органы 5 (бес) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушының өтінішін қарайды және шешім қабылдайды. Ақылы негізден мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға ауыстыру үшін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымы мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша бос орындар туралы ақпаратты білім беру ұйымының ақпараттық стендтерінде, ресми интернет-сайттарында орналастырады.

Білім алушыларды ақылы оқудан мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға ауыстыру үшін білім беру ұйымында педагогтердің және студенттік өзін-өзі басқару органдары өкілдерінің қатысуымен алқалы орган құрылады. Білім алушыны ауыстыру туралы шешімді оның үлгерімін ескере отырып алқалы орган қабылдайды. Алқалы орган оң шешім қабылдаған жағдайда білім беру ұйымының басшысы 1 (бір) жұмыс күні ішінде білім алушыны одан әрі мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға

ауыстыру туралы бұйрық шығарады. Алқалы орган ретінде арнайы ұйым басшысының бұйрығымен арнайы комиссия құрылды.

Бір білім беру ұйымынан басқа білім беру ұйымына ауысу «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру саласындағы мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 қаңтардағы № 19 бұйрығы негізінде іске асырылады. Бір білім беру ұйымынан басқа білім беру ұйымына ауысқан кезде оқу сабақтарына рұқсат беру және оқу жоспарындағы айырмашылықтарды тапсыру туралы шешімді білім алушыны қабылдайтын білім беру ұйымының басшысы 5 (бес) жұмыс күні ішінде қабылдайды. Оң шешім қабылданған жағдайда білім алушыны қабылдайтын білім беру ұйымының басшысы оқу сабақтарына жіберу туралы бұйрық шығарады. Рұқсат беру туралы бұйрық шығарылғаннан кейін білім алушыны қабылдайтын білім беру ұйымы көрсетілетін қызметті алушының жеке іс құжаттарын алу үшін оның бұрын оқыған білім беру ұйымына сұрау жолдайды. Көрсетілетін қызметті алушы бұрын оқыған білім беру ұйымы 5 (бес) жұмыс күні ішінде оның жеке іс құжаттарын жолдайды. Көрсетілетін қызметті алушының жеке іс құжаттарын бұрын оқыған білім беру ұйымынан алғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушыны қабылдайтын білім беру ұйымының басшысы жеке іс құжаттарын алған күні білім беру ұйымының білім алушылары қатарына қабылдау туралы бұйрық шығарады. Білім алушыларды техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымнан орта білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымға ауыстыру кезінде басшы өтінішті қарайды және 3 (үш) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушыны орта білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымға ауыстыру туралы бұйрық шығарады.

Білім беру ұйымдарында бұрын білім алған адамдар үшін бұрынғы білім беру ұйымына немесе басқа білім беру ұйымдарына қайта қабылдау «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру саласындағы мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 қаңтардағы № 19 бұйрығы негізінде іске асырылады. Білім беру ұйымдарында бұрын білім алған тұлғалар бұрынғы немесе басқа білім беру ұйымына қайта қабылданады. Қайта қабылдаудың міндетті шарты білім алушының бір семестрді аяқтауы болып табылады, қайта қабылдау туралы мәселе қайта қабылданатын адамның немесе оның заңды өкілінің өтініші негізінде қаралады. Білім алушыларды бірінші курсқа қайта қабылдау бірінші семестр аяқталғаннан кейін жүзеге асырылады. Бұрын басқа білім беру ұйымдарында оқыған білім алушыларды оқуға қайта қабылдауға:

- курстар мен мамандықтар бойынша тиісті оқу топтары болған жағдайда оқу жұмыс жоспарларының пәндері/модульдері бойынша оқу нәтижелерінің академиялық айырмашылықтарын тапсырған кезде;

- курстар мен мамандықтар бойынша тиісті топ болмаған жағдайда оқу жұмыс жоспарларының пәндері/модульдері бойынша оқу нәтижелерінің академиялық академиялық айырмашылықтарын тапсырған кезде басқа мамандықтарға қайта қабылдануға жол беріледі.

Шетелдік білім беру ұйымынан Қазақстан Республикасының білім беру ұйымына ауыстыру немесе қайта қабылдау кезінде басшы 2 (екі) жұмыс күні ішінде білім алушыны білім беру ұйымына ауыстыру немесе қайта қабылдау туралы бұйрық шығарады.

Білім алушыларды бір білім беру ұйымынан екіншісіне, оқытудың бір нысанынан екіншісіне, бір тілдік бөлімшеден екіншісіне, бір мамандықтан екіншісіне, ақылы негізден мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға ауыстыру кезінде пәндер/ модульдер/ кредиттер саны және (немесе) оқу нәтижелері бойынша академиялық айырмашылықты айқындау «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру саласындағы мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 қаңтардағы № 19 бұйрығы негізінде іске асырылады. Білім алушыларды бір білім беру ұйымынан екіншісіне, бір оқу нысанынан екінші нысанға, бір тілдік бөлімнен екінші тілдік бөлімге, бір мамандықтан екінші мамандыққа, ақылы негізде оқудан мемлекеттік білім беру гранты бойынша оқуға ауыстыру жүзеге асырылады. Білім алушыларды ауыстыру немесе қайта қабылдау кезінде олардың алдыңғы академиялық кезеңдерде оқыған оқу жұмыс жоспарларының пәндері/модульдері бойынша оқыту нәтижесіндегі академиялық айырмашылық айқындалады. Оқу жұмыс оқу жоспарының пәндері/модульдері бойынша оқыту нәтижелеріндегі академиялық айырмашылықты қабылдаушы білім беру ұйымы "Білім алуды аяқтамаған адамдарға берілетін анықтама нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 12 маусымдағы № 289 бұйрығына (бұдан әрі – анықтама) сәйкес нысан бойынша берілген транскриптте немесе анықтамада көрсетілген зерделенген пәндердің/модульдердің тізбесі мен көлемі негізінде айқындайды.

Білім алушыларға академиялық демалыстар беру «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға академиялық демалыстар беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 506 бұйрығы негізінде іске асырылады.

Білім алушыларға академиялық демалыс:

1) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде № 21579 болып тіркелген) (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрық) денсаулық сақтау саласындағы есептік құжаттамасының № 026/е нысанына сәйкес ауруы бойынша ұзақтығы 6-дан 12 айға дейінгі

амбулаториялық-емханалық ұйымның Орталық дәрігерлік консультациялық комиссиясының (бұдан әрі – ДКК) қорытындылары;

2) № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген денсаулық сақтау саласындағы IV санатындағы № ТБ 014/е нысанына сәйкес ұзақтығы 36 айдан аспайтын мерзімде туберкулезбен ауырған жағдайда туберкулезге қарсы ұйымның Орталықтандырылған дәрігерлік-консультативтік комиссиясының (бұдан әрі – ОДКК) шешімі;

3) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 24 қаңтардағы № 28 бұйрығымен (бұдан әрі – № 28 бұйрық) бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14881 болып тіркелген) Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алу қағидаларының 4-қосымшасына сәйкес әскери қызметке шақырылған жағдайда әскери қызметке шақырту қағазы;

4) Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 12 қаңтардағы №9 "Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу актісі кітаптарының нысандарын және осы кітаптардағы жазбалардың негізінде берілетін куәліктердің нысандарын бекіту туралы" бұйрығына (бұдан әрі – № 9 бұйрық) 8 және 12-қосымшаларға сәйкес нысандары бойынша (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10173 тіркелген) үш жасқа толғанға дейінгі асырап алынған ұл немесе қыз баланың туу туралы құжаттары (куәлік) негізінде беріледі.

Білім алушылардың білімін бағалау критерийлері туралы хабардар болуы оқу үлгеріміне ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізу Ережелерімен танысу арқылы жүзеге асырылады. Оқытушылар пәндерді оқытуға кіріспес бұрын білім алушыларды оқудағы талаптармен, емтихан тапсыру және қайта тапсыру ережелерімен таныстырады.

Пәндер бойынша ағымдық бақылау оларда тәжірибелік және семинар сабақтары болмаған жағдайда оқытушының оқу жоспарында көзделген міндетті бақылау жұмыстарын тексеру арқылы жүзеге асырылады.

Колледжде «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушылардың оқу үлгеріміне ағымды бақылау, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізудің үлгілік ережелері» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылдың 18 наурызындағы №125 бұйрығы (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылдың 28 тамызындағы №373 бұйрығындағы жаңартулармен) негізінде білім алушылардың білімін бақылауды ұйымдастыру жүйесі енгізілген. Білімді бағалаудың объективтілігін және білім алушылардың кәсіби құзыреттілігінің қол жеткізген деңгейін, оларды бағалау құралдары мен механизмдерінің сәйкестігін қамтамасыз ету үшін колледжде білімді бағалау шамалары, сонымен қатар Қорытынды Аттестаттауды қабылдау ауызша емтихандар, дипломдық жобаларды сыртқы сарапшылармен, тақырыпқа сәйкес сала мамандарымен рецензиялау арқылы жетілдірілген. 2020-2021 оқу жылынан білім алушылардың оқудағы жетістіктерін бағалаудың балл-рейтинг әріптік жүйесі ендірілді (бұрын білімді

бағалаудың бес балдық жүйесі қолданылды). Бақылаудың екі түрі қолданылады - ағымды және қорытынды. Пәндер бойынша ағымдық бақылау оқу-тәжірибелік материалды игеру деңгейі мен дәрежесін анықтауға мүмкіндік беретін жеке, фронтальды сауалнама, үй тапсырмасын тексеру, реферат қорғау және білімді бақылау мен есепке алудың басқа да нысандары арқылы оқу уақытында жүзеге асырылады.

Білім беру бағдарламаларында көзделген күтілетін нәтижелерге байланысты оқыту әдістері мен бағалау әдістері анықталады. Пәндер бойынша үлгерімді ағымдағы бақылау, міндетті бақылау жұмыстары болмаған жағдайда, оқытушының оқу материалын меңгеруін ауызша сұрақтарды, тесттерді, әртүрлі тапсырмаларды, соның ішінде құзыреттілікке бағытталған тапсырмаларды қолданумен тексеру арқылы жүзеге асырылады. Ағымдағы бақылау нәтижелері бойынша белгілі мерзімде баға қойылады, содан кейін семестр соңында қорытынды баға қойылады. Білім алушылардың өз білімі мен дағдыларын бағалау критерийлерін білуі оның білімін бағалаудың ашықтығы мен объективтілігін көрсетеді.

Білім беру сапасын бақылау білім алушылардың кәсіби білімдері мен дағдыларының деңгейі туралы ақпаратты жүйелі түрде жинауды және өңдеуді көздейді. Білім алушылардың білім деңгейін бағалаудың негізгі құралдарына тест тапсырмалары, ауызша емтихан сұрақтары, бақылау жұмыстарының сұрақтары жатады. Жоғары сапалы білім деңгейін бағалау құралдарын әзірлеу өте күрделі және көп уақытты қажет ететін үрдіс. Мұндай тапсырмалар қарапайым білім мен дағдыларды тексеруді қамтамасыз етеді деп саналады. Бірақ, бәрі білім деңгейін бағалау құралдарының сапасы мен мазмұнына, тапсырмалардың құрылымына, тестілеу әдістері мен технологиясына байланысты.

2020-2021 оқу жылы аралық аттестаттау бойынша 2 жарты жылдық қорытындысы

Кесте 4.5. Аралық аттестаттау бойынша 2 жарты жылдық қорытындысы, 1 курс

№	Шифр, мамандық	Білім сапасы, (%)	Үлгерімі, (%)
1.	04110100 - Есеп және аудит	87	100
2.	0516000 - Қаржы	83	100
3.	04130100 – Менеджмент (қолдану салалары бойынша)	56	98
4.	04140100 - Маркетинг (қолдану салалары бойынша)	46	100
5.	0612010720 - Есептеу техникасы және ақпараттық желілер (түрлері бойынша)	80	100
6.	10130300 - Тамақтануды ұйымдастыру	62	100

7.	072103300 - Нан пісіру, макарон және кондитер өндірісі	88	100
	Колледж бойынша	72	99,7

Кесте 4.6. Аралық аттестаттау бойынша 2 жарты жылдық қорытындысы, 2 курс

№	Шифр, мамандық	Білім сапасы, (%)	Үлгерімі, (%)
1.	0518000 «Есеп және аудит»	70	100
2.	0516000 «Қаржы»	63	100
3.	0515000 «Менеджмент» (қолдану салалары бойынша)	52	100
4.	0513000 «Маркетинг» (қолдану салалары бойынша)	88	100
5.	1304000 «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамсыздандыру» (түрлері бойынша)	87	100
6.	1226000 «Тамақтандыру кәсіпорындары өнім өндіру технологиясы және оны ұйымдастыру»	16	100
7.	1219000 «Нан пісіру, макарон және кондитер өндірісі»	60	100
	Колледж бойынша	67	100

Кесте 4.7. Аралық аттестаттау бойынша 2 жарты жылдық қорытындысы, 3 курс

№	Шифр, мамандық	Білім сапасы, (%)	Үлгерімі, (%)
1.	0518000 «Есеп және аудит»	100	100
2.	0516000 «Қаржы»	100	100
3.	0515000 «Менеджмент» (қолдану салалары бойынша)	64	100
4.	0513000 «Маркетинг» (қолдану салалары бойынша)	90	96
5.	1304000 «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамсыздандыру» (түрлері бойынша)	100	100
6.	1226000 «Тамақтандыру кәсіпорындары өнім өндіру технологиясы және оны ұйымдастыру»	23	94

7.	1219000 «Нан пісіру, макарон және кондитер өндірісі»	52	100
	Колледж бойынша	76	98,6

2021-2022 оқу жылы, аралық аттестаттау бойынша 1 жарты жылдық қорытындысы

Кесте 4.8. Аралық аттестаттау бойынша 1 жарты жылдық қорытындысы, 1 курс

№	Шифр, мамандық	Білім сапасы, (%)	Үлгерімі, (%)
1.	04110100 - Есеп және аудит	68	100
2.	04130100 – Менеджмент (қолдану салалары бойынша)	69	100
3.	04140100 - Маркетинг (қолдану салалары бойынша)	69	100
4.	06120100 - Есептеу техникасы және ақпараттық желілер (түрлері бойынша)	49	100
5.	10130300 - Тамақтануды ұйымдастыру	47	99
6.	072103300 - Нан пісіру, макарон және кондитер өндірісі	64	100
	Колледж бойынша	61	99,8

Кесте 4.9. Аралық аттестаттау бойынша 1 жарты жылдық қорытындысы, 2 курс

№	Шифр, мамандық	Білім сапасы, (%)	Үлгерімі, (%)
1.	0518000 «Есеп және аудит»	87	100
2.	0516000 «Қаржы»	44	100
3.	0515000 «Менеджмент» (қолдану салалары бойынша)	77	100
4.	0513000 «Маркетинг» (қолдану салалары бойынша)	60	100
5.	1304000 «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамсыздандыру» (түрлері бойынша)	75	100
6.	1226000 «Тамақтандыру кәсіпорындары өнім өндіру технологиясы және оны ұйымдастыру»	77	100
7.	1219000 «Нан пісіру, макарон және кондитер өндірісі»	84	100
	Колледж бойынша	72	100

Кесте 4.10. Аралық аттестаттау бойынша 1 жарты жылдық қорытындысы, 3 курс

№	Шифр, мамандық	Білім сапасы, (%)	Үлгерімі, (%)
1.	0518000 «Есеп және аудит»	80	100
2.	0516000 «Қаржы»	100	100
3.	0515000 «Менеджмент» (қолдану салалары бойынша)	53	98
4.	0513000 «Маркетинг» (қолдану салалары бойынша)	80	100
5.	1304000 «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамсыздандыру» (түрлері бойынша)	92	100
6.	1226000 «Тамақтандыру кәсіпорындары өнім өндіру технологиясы және оны ұйымдастыру»	47	100
7.	1219000 «Нан пісіру, макарон және кондитер өндірісі»	60	100
Колледж бойынша		73	99,7

Кесте 4.11. Аралық аттестаттау бойынша 1 жарты жылдық қорытындысы, 4 курс

№	Шифр, мамандық	Білім сапасы, (%)	Үлгерімі, (%)
1.	1304000 «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамсыздандыру» (түрлері бойынша)	82	100
2.	1226000 «Тамақтандыру кәсіпорындары өнім өндіру технологиясы және оны ұйымдастыру»	100	100
3.	1219000 «Нан пісіру, макарон және кондитер өндірісі»	53	100
Колледж бойынша		78	100

Түлектердің білімін, дағдысын, іскерлігін және құзыреттілігін бақылау қорытынды аттестацияда жүзеге асырылады. Колледж бітіруші түлектерін қорытынды аттестаттау жалпы кәсіптік және арнайы пәндер немесе кәсіптік модульдер бойынша бітіру емтихандарын тапсыруды, дипломдық жобалауды орындауды қарастырады. Қорытынды аттестаттауды өткізу үшін колледж директорының бұйрығымен аттестаттау комиссиясы құрылады. Аттестаттау

комиссиясының құрамына әлеуметтік серіктес кәсіпорындарының білікті мамандары кіреді. Қорытынды аттестаттау комиссиясының құрамы кәсіпорындардың білікті мамандары, арнаулы пәндер оқытушылары, өндірістік оқыту шеберлері және колледждің алқалы басқару органдарының өкілдерінен өкілдер мен жұмыс берушілердің 65% және колледж өкілдерінің 35% қатынасында құрылады, оның ішінде дауыс беру құқығынсыз комиссия хатшысы. №502 «Білім беру ұйымдары жыл сайын қорытынды аттестаттау кезінде білім беру қызметінде пайдаланатын қатаң есептілік құжаттарының нысанын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткені туралы қорытынды аттестаттауды өткізу жөніндегі комиссия отырысының хаттамасы; емтихандар (жеке) (қосымша), біліктілік бойынша білім алушылардың қорытынды аттестаттауын өткізу жөніндегі комиссия отырысының хаттамасы (жиынтық) (қосымша); білім алушылардың бітіру жұмысын (дипломдық жұмыс жобасын) қарау бойынша қорытынды аттестаттау жөніндегі комиссия отырысының хаттамасы (қосымша) жүргізіледі. Дипломдық жобалар тақырыбы маңызды болып табылады және ғылым мен техниканың қазіргі күйіне және даму бағытына, мамандарды дайындау бейініне сәйкес келеді. Жыл сайын нақты дипломдық жобалар саны ұлғайып келеді. Жетілдірілген жобалар оқу үрдісіне ендірілуде, бұл колледждің білім беру сапасын көтеруге ықпал етеді. Нақты дипломдық жобалардың барлық түрлері мен үлгілері білім алушылардың шығармашылық ойлау қабілетінің белсенділігін арттыруға, нақты экономикалық және өндірістік жағдайларды шешуде ғылыми әдістерді қолдану мамандар дайындау сапасын көтеруге ықпал етеді.

Комиссия қорытынды аттестаттау өткізуге дейін бір ай бұрын қорытынды аттестаттау мерзіміне құрылады және оқу үрдісінің графигімен, МЖБС анықтаған үлгідегі жұмыс оқу жоспарымен қарастырылған мерзімде өткізіледі. Қорытынды аттестаттау 3-4 курста мемлекеттік емтихан немесе дипломдық жұмысты қорғау үлгісінде өткізіледі. Қорытынды аттестаттауды өткізуге оқу уақытының көлемі 2 аптадан артық емес. Оқытуды аяқтауға бөлінген уақыт (дипломдық жобалау және қорытынды аттестаттау) 8 аптадан аспайды.

Кесте 4.12. Диплом жобасын қорғау бойынша бітіруші курс қорытынды аттестаттауының талдауы

№	Топ	Емтиханға жіберілді	«5» тапсырды	«4» тапсырды	«3» тапсырды	Үлгермеушілер саны	Үлгерімі, %	Білім сапасы, %
1.	4 ВТиПО Б	11	8	3	0	0	100 %	100 %

Кесте 4.13. ZOOM форматында бітіруші курстар қорытынды аттестаттауының талдауы

№	Топ	Пән/емтихан атауы	Барлығы	«5» тапсырды	«4» тапсырды	«3» тапсырды	Үлгерімі, %	Білім сапасы, %
1.	2 мен/спец	Экономика предприятия	9	2	5	2	100	77
2.	2 мен/спец	Менеджмент организации и основы финансового менеджмента	9	2	5	2	100	77
3.	3 мен А	Кәсіпорын экономикасы	25	8	16	1	100	96
4.	3 мен А	Ұйым менеджменті және қаржы менеджменті негіздері	25	6	13	6	100	76
5.	3 мен Б	Экономика предприятия	25	11	7	7	100	72
6.	3 мен Б	Менеджмент организации и основы финансового менеджмента	25	10	7	8	100	68
7.	3 марк Б	Экономика предприятия	24	12	9	3	100	88
8.	3 марк Б	Менеджмент организации и основы финансового менеджмента	24	12	11	1	100	96
9.	4 тех А	Тағам дайындау технологиясы	21	12	6	3	100	96
10.	4 тех А	ТК өндірісті және қызмет көрсетуді ұйымдастыру	21	13	5	3	100	86

11.	4 тех Б	Технология приготовления пищи	18	9	5	4	100	77
12.	4 тех Б	Организация производства и обслуживания на предприятиях питания	18	13	2	3	100	83
13.	4 тех В	Тағам дайындау технологиясы	21	10	8	3	100	86
14.	4 тех В	ТК өндірісті және қызмет көрсетуді ұйымдастыру	21	10	7	4	100	81
15.	4 тех Г	Тағам дайындау технологиясы	19	8	6	5	100	74
16.	4 тех Г	ТК өндірісті және қызмет көрсетуді ұйымдастыру	19	9	2	8	100	66
17.	4 тех Е	Технология приготовления пищи	13	5	4	4	100	69
18.	4 тех Е	Организация производства и обслуживания на предприятиях питания	13	3	6	4	100	69
19.	4 т/х	Комплексный экзамен по специальным дисциплинам	22	19		3	100	86
20.	3 учет А	Қаржы есебі	24	15	9	0	100	100
21.	3 учет А	Қаржы есебінің талдауы	24	14	10	0	100	100
22.	3 учет Б	Финансовый учет	25	13	12	0	100	100

23.	3 учет Б	Анализ финансовой отчетности	25	20	5	0	100	100
24.	3 учет В	Қаржы есебі	24	15	8	1	100	96
25.	3 учет В	Қаржы есебінің талдауы	24	13	10	1	100	100
26.	3 учет Г	Қаржы есебі	25	15	10	0	100	100
27.	3 учет Г	Қаржы есебінің талдауы	25	14	11	0	100	100
28.	3 учет Д	Финансовый учет	25	13	12	0	100	100
29.	3 учет Д	Анализ финансовой отчетности	25	14	10	1	100	96
30.	3 учет Е	Қаржы есебі	25	13	12	0	100	100
31.	3 учет Е	Қаржы есебінің талдауы	25	11	14	0	100	100
32.	3 фин Б	Финансовый учет	6	3	3	0	100	100
33.	3 фин Б	Финансы организации	6	3	3	0	100	100
34.	3 фин Б	Анализ финансовой отчетности	6	3	3	0	100	100
Барлығы			678	426	190	64	100	90

Кесте 4.14. Мамандықтар бойынша қорытынды аттестаттау талдауы

Мамандық	Қорытынды аттестаттауға қатысқан білім алушылар саны	Үлгерімі, %	Білім сапасы, %
0518000 «Есеп және аудит»	148	100	99
0516000 «Қаржы»	6	100	100
0515000 «Менеджмент» (қолдану салалары бойынша)	59	100	78
0513000 «Маркетинг» (қолдану салалары бойынша)	24	100	88
1304000 «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамсыздандыру» (түрлері бойынша)	11	100	100

1226000 «Тамақтандыру кәсіпорындары өнім өндіру технологиясы және оны ұйымдастыру»	92	100	79
1219000 «Нан пісіру, макарон және кондитер өндірісі»	22	100	86
Колледж бойынша	362	100	90

Қорытынды аттестаттау комиссиясының отырысы сәйкес хаттамамен толтырылады, төраға, комиссия мүшелері мен хатшы қол қояды.

Білім беру бағдарламасын меңгерген және оқу пәндері бойынша сынақтар мен емтихандардың 75%, оқу жоспары бойынша тәжірибеден есепті «өте жақсы» деген бағаға тапсырған, ал қалған пәндерді «жақсы» деген бағамен аяқтаған студенттерге колледждің қорытынды аттестаттау комиссиясының шешімімен үздік диплом беріледі. Комиссия төрағасы қорытынды аттестаттау аяқталған соң екі апталық мерзімде қорытынды аттестаттау бойынша есеп құрастырады.

Дипломдар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» №125 бұйрығының барлық талаптарын сақтай отырып, қорытынды аттестаттау комиссиясының хаттамалары және жиынтықты қорытынды ведомость негізінде беріледі.

Орта буын маманы бітіруші курстар арасында білім сапасы 92% құрады, үлгерімі - 100%. Қорытынды аттестаттауға барлығы 398 білім алушы қатысты.

Өнімді жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы бойынша бітіруші курстар арасында білім сапасы 50% құрады, үлгерімі - 100%. Қорытынды аттестаттауға барлығы 118 білім алушы қатысты.

Кесте 4.15. Бітіруші курстарға диплом беру.

№	Топ	Бітірушілер саны	Үздік диплом	Кәдімгі үлгідегі диплом
1	2 мен/спец	9	2	7
2	3 мен А	25	6	19
3	3 мен Б	25	7	18
4	3 марк Б	24	8	16
5	4 ВТиПО Б	11	0	11
6	3 тех А	1	0	1
7	3 тех Б	6	0	6
8	3 тех В	1	0	1
9	3 тех Г	9	0	9
10	4 тех А	21	5	16

11	4 тех Б	18	4	14
12	4 тех В	21	6	15
13	4 тех Г	19	4	15
14	4 тех Е	13	1	12
15	4 т/х	22	5	17
16	3 учет А	24	13	11
17	3 учет Б	25	12	13
18	3 учет В	24	9	15
19	3 учет Г	25	13	12
20	3 учет Д	25	11	14
21	3 учет Е	25	7	18
22	3 фин Б	6	3	3
Барлығы		379	116	263

Қорытынды аттестаттаудың нәтижелері, өндірістік (кәсіби) тәжірибе кезеңінде кәсіптік дағдыларды бағалау нәтижелері және колледж түлектерінің жұмысқа орналасу деңгейі оқу нәтижелерінің колледж Миссиясына сәйкестігін, колледждің даму стратегиясы дұрыс таңдалғандығын көрсетеді.

Кесте 4.16. Бітіруші топтардың тесттілеу нәтижелері 08.04.2022 ж.

Мамандық	Біліктілік	Ку рс	Тізім бойы нша журн алдағ ы оқуш ылар саны	Нақ ты қат ысқ ан оқу шыл ар сан ы	Бағал ар саны "5"	Баға лар сан ы "4"	Баға лар сан ы "3"	Бағал ар саны "2"	Орт аша балл	Оң баға , %
0518000 Есеп және аудит (салалар бойынша)	0518033 Эконом ист- бухгалте р	3	127	124	107	17	-	-	96,0	100
0516000 Қаржы (салалар бойынша)	0516053 Қаржы жұмысы бойынш а экономи ст	3	4	4	4	-	-	-	95,0	100
0515000- Менеджм ент (салалар	0515013 Менедж ер	3	67	66	48	18	-	-	93,5	100

және аумақтар бойынша қолдану)										
0513000 Маркетинг (салалар бойынша)	0513053 Маркетолог	3	25	25	17	8	-	-	92,0	100
1226000 – Тамақтандыру кәсіпорындарының өнім өндіру технологиясы және оны ұйымдастыруы	1226043 Техник-технолог	4	95	94	68	26	-	-	93,2	100
	122609 2 – Тамақтау кәсіпорындарының аспазы	3	124	123	101	22	-	-	92,8	100
1219000 Нан, макарон және кондитерлік өндірісі	1219243 Техник-технолог	4	25	25	16	9	-	-	86,0	100
	121914 2 Наубайшы	3	25	25	16	9	-	-	91,0	100
1304000 – Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)	1304043 Техник-бағдарламашы	4	52	52	40	12	-	-	92,0	100
	130401 2- Электронды - есептеуіш машина операторы	3	76	75	58	17	-	-	92,0	100
Колледж бойынша қорытынды			620	613	475	138	-	-	92,4	100

Тізім бойынша журналдағы оқушылар саны-620, оның ішінде қатысқандар саны-613. 98,8 пайызды құрайды. Орташа балл-92,4.

Жұмыс оқу жоспарлары.

Мамандықтың дайындалатын біліктіліктері бойынша жұмыс оқу жоспарлары техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына/ негізгі орта, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, үлгілік оқу жоспарларына сәйкес келеді және (мемлекеттік және орыс тілдерінде) оқыту тілдері бойынша жетілдірілді. Жұмыс оқу жоспарлары төменде көрсетілген бұйрықтарды негізгі ала отырып дайындалды.

2020-2021 оқу жылы:

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы «Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты»
- Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары және үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 15 маусымдағы № 384 бұйрығы. 22.01.2016ж.
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 31 қазандағы № 553 бұйрығы «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы»

Бұрынғы жіктеуіш бойынша

- 0518000 - Есеп және аудит/051803 3 - Экономист-бухгалтер
- 0516000 - Қаржы (салалар бойынша)/ 051605 3 - Қаржы жұмысы бойынша экономист
- 0515000 – Менеджмент (қолдану салалары бойынша)/ 0515013 – Менеджер
- 0513000 – Маркетинг (салалар бойынша)/ 051301 2 – Азық-түлік тауарларының сатушысы 051304 2 – Коммерциялық агент 051305 3 – Маркетолог
- 1304000 – Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)/ 130401 2 – Электрондық есептеу машиналарының операторы 130404 3 – Техник-программист
- 1226000 – Тамақтандыру кәсіпорындарының өнім өндіру технологиясы және оны ұйымдастыру/ 122605 2 – Жартылай дайындалған тағам өнімдерін даярлаушы 122609 2 – Тамақтану кәсіпорындарының аспазы 122604 3 – Техник – технолог
- 1219000 – Нан пісіру, макарон және кондитер өндірісі/121914 2 - Наубайшы

2021-2022 оқу жылы:

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына 5-қосымша «Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (23.07.2021 № 362)
- 2021-2022 оқу жылының басына техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін оқу орындарында оқу процесін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық-әдістемелік ұсынымдар 31.08.2021-ғы № 5-13-2/3424-И шығыс хаты
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 31 қазандағы № 553 бұйрығының жобасы «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы»
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 50 бұйрығы. Дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы (18.05.2021)

Жаңа жіктеуіш бойынша

- 04110100 - Есеп және аудит /4S04110102 - Бухгалтер
- 04120100 – Банк және сақтандыру ісі/ 4S04120103 -Банк операциялары жөніндегі менеджер
- 04130100 - Менеджмент (қолдану салалары бойынша)/ 4S04130101 - Менеджер
- 04140100 - Маркетинг (салалар бойынша) / 3W04140101- Мерчендайзер, 4S04140103 –Маркетолог
- 06120100 - Есептеу техникасы және ақпараттық желілер (түрлері бойынша)/3W06120101-Компьютерлік аппараттық қамтамасыз ету операторы
- 10130300 -Тамақтандыруды ұйымдастыру/ 3W10130302 - Аспазшы
- 07210300 - Нан пісіру, макарон және кондитер өндірісі 3W10130302 - Наубайшы

Дайындалған әрбір жұмыс оқу жоспарлары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 «Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» бұйрығына сәйкес міндетті оқытуға бөлінетін жалпы сағаттар саны сақталған сонымен қатар, яғни әрбір оқу жылына арналған міндетті оқу уақытының көлемі 60 кредит/1440 сағатты құрайды.

Білім алушылардың жеке қабілеттерін дамыту және көмек көрсету үшін факультативтік сабақтар мен консультациялар қарастырылған.

Бекітілген жұмыс оқу жоспарларында күндізгі оқу нысаны кезінде техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын меңгерудің нормативтік мерзімі күрделігіне, күтілетін белгіленген біліктілік деңгейіне және білім алушылардың базалық білім деңгейіне қарай нормативтік мерзімі сақталған. (1 жыл 10 ай, 2 жыл 10 ай, 3 жыл 10 ай.) Сонымен қатар өндірістік оқыту және/немесе кәсіптік практика кәсіптік модульдің кемінде 40% - ын

кұрайды. Жұмыс оқу жоспарында барлығы -52 апта, оның 40 аптасы міндетті оқуға бөлінген. Каникул –жылына 11 апта, оның ішінде қысқы мерзімде 2 апта, 1 апта мереке күндері.

Жалпы білім беретін пәндер тізбесі мен көлемі қоғамдық-гуманитарлық, жаратылыстану-математикалық бағыттары бойынша мамандық бейінін ескере отырып айқындалды.

Бейініне қарамастан міндетті жалпы білім беретін пәндер: "Қазақ тілі" және "Қазақ әдебиеті" "Орыс тілі және әдебиеті" (оқыту қазақ тілінде жүргізілетін топтар үшін), "Орыс тілі" және "Орыс әдебиеті", "Қазақ тілі және әдебиеті" (оқыту орыс тілінде жүргізілетін топтар үшін), "Шетел тілі", "Математика", "Информатика", "Қазақстан тарихы", "Өзін-өзі тану", "Дене тәрбиесі", "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" алынды.

Мамандық бейініне байланысты ТЖКБ ұйымдары оқытудың тереңдетілген және стандарттық деңгейлерінің екі пәнін таңдалды.

Жаратылыстану-математикалық бейіннің тереңдетілген оқыту деңгейіндегі пәндеріне "Физика", "Химия", "Биология", "География" жатады. Бейіндік оқытудың осы бағытында стандарттық деңгейдегі пәндерге "Дүниежүзі тарихы", "Биология", "География" алынды, ал қоғамдық-гуманитарлық бейіннің тереңдетілген оқыту деңгейіндегі пәндеріне "Дүниежүзі тарихы", "Химия", "Биология", "География" жатады. Бейіндік оқытудың осы бағытында стандартты деңгейдегі пәндерге "Физика", "Химия", "Графика және жобалау" енгізілді.

"Дене шынықтыру" бойынша сабақтар міндетті болып табылады және теориялық оқыту кезеңінде аптасына кемінде 4 сағат жоспарланған.

Дуалды оқыту жүйесі.

Дуалды оқыту жүйесін ұйымдастыру Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 50 Дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы (18.05.2021) бұйрығына сәйкес жүргізіледі. Дуалды оқыту бойынша жұмыс оқу жоспарларында теориялық оқытуды және кәсіпорын (ұйым) базасында алпыс пайыздық өндірістік оқыту, кәсіптік тәжірибе қамтылған. Дуалды оқытудың элементтері 2014-2015 оқу жылында 1226000 «Тамақтандыру кәсіпорындарының өнім өндіру технологиясы және оны ұйымдастыру», 1219000 «Нан пісіру, макарон және кондитер өндірісі» мамандықтарына ендіріліп, 50 білім алушы оқыды.

Ал 2021-2022 оқу жылында жалпы 508 білім алушы дуалды оқыту жүйесімен білім алады, колледж білім алушыларының 32% құрайды. Дуалды оқыту жүйесі 10130300 «Тамақтануды ұйымдастыру», 07210300 «Нан пісіру, макарон және кондитер өндірісі», 06120100 «Есептеу техникасы және ақпараттық желілер» (түрлері бойынша), 1226000 «Тамақтандыру кәсіпорындарының өнім өндіру технологиясы және өндірісті ұйымдастыру», 1219000 «Нан пісіру, макарон және кондитер өндірісі», 1304000 «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамсыздандыру» (түрлері бойынша) мамандықтары бойынша ендірілген. Оқу үрдісіне қажетті жағдайлар жасалды, кәсіпорындармен дуалды оқыту бойынша оқу жоспарлары мен

бағдарламалары келісілді, дуалды оқыту бойынша үш жақты келісімдер жасалды, кәсіпорында тағылымдамадан өтушілердің өндірістік оқыту мен кәсіптік тәжірибеден өтуіне бақылау жүргізілуде; біліктілік емтихандарына қатысады, оқытушыларды тәжірибеден өтуге жібереді. Кәсіпорындар өз тарапынан кәсіптік тәжірибеге, сондай-ақ өндірістік оқытуға орындар берді, қауіпсіз орта құрады және шарттарда көзделген міндеттемелерді орындайды; қауіпсіздік техникасы ережелеріне сәйкес білім алушыларды жұмыс орындарымен қамтамасыз етті, өндірістік оқыту мен кәсіптік тәжірибені басқару бойынша дуалды оқыту шарты негізінде тыңдаушыға тәлімгерді тағайындады; еңбек жағдайларымен, осы саланы реттейтін нормативтік құқықтық актілермен, қауіпсіздік және еңбекті қорғау талаптарымен таныстырды.

Осы мәселелерді шешу арқылы біз кәсіби мамандарды дайындаудың жаңа үлгісін қалыптастырамыз. Ол колледж түлектерінің не білетіні мен не істей алатыны және экономиканың әртүрлі салалары оларға қандай талаптар қоятыны арасындағы алшақтықты жояды. Дуалды оқыту жүйесі бойынша жұмыстырды тікелей оқу өндірістік бөлімі қадағалайды, жүргізеді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 5-қосымша «Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (23.07.2021 № 362) бұйрығын негізге ала отырып, базалық модульдерге қосымша БМ 4. «Кәсіптік қызмет аясында кәсіптік лексиканы қолдану» қосылды.

Дуалды оқыту жүйесі бойынша жалпы білім беру пәндеріне 41 кредит/984 сағат теориялық оқыту, 3 кредит/72 сағат аралық аттестаттауға берілді.

Модульді оқыту жүйесі.

2017 жылдан «Talar» Коммерциялық емес АҚ жетілдірген оқытудың модульді бағдарламасы 1226000 «Тамақтандыру кәсіпорындарының өнім өндіру технологиясы және өндірісті ұйымдастыру» мамандығы бойынша эксперименталды түрде ендірілді. 2017-2018 оқу жылында 1226000 «Тамақтандыру кәсіпорындарының өнім өндіру технологиясы және оны ұйымдастыру», 1219000 «Нан пісіру, макарон және кондитер өндірісі», 1304000 «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамсыздандыру» (түрлері бойынша), 051300 «Маркетинг» (салалар бойынша) мамандықтары бойынша ендірілді.

Білім беру бағдарламалары жұмыс берушілердің қатысуымен МЖМБС, "Talar" КЕАҚ тиісті бейіндер, кәсіптік стандарттар ("Атамекен" ҰКП), WorldSkills кәсіптік стандарттар бойынша ОӘБ-мен бірлесіп әзірлеген үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларының талаптары негізінде әзірленеді. МЖМБС-ға сәйкес колледж міндетті оқытуға бөлінген кредиттердің/сағаттардың жалпы санын сақтай отырып, модульдер және/немесе пәндер көлемін дербес айқындайды. Кәсіптік модульдер мен арнайы пәндердің жұмыс оқу бағдарламалары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 31 қазандағы № 553 бұйрығымен

бекітілген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16013 болып тіркелген) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламалары негізінде әзірленді. Жұмысшы кадрлар мен орта буын мамандарының оқу жұмыс бағдарламаларының мазмұны МЖМБС талаптарына сәйкес келеді. Арнайы жұмыс оқу жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеу үшін "Talar" КЕАҚ сайтында орналастырылған "Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша жұмыс оқу жоспарын әзірлеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар", «ТжәнеКББ» ұйымдарының академиялық дербестігін ескере отырып, өзектендірілген негізінде жұмыс оқу бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар" пайдаланылады. <https://kasipkor.kz>.

Модульді - кредиттік оқыту жүйесі. Ағымдағы оқу жылы

классификаторлардың жаңа жіктеуіші бойынша жұмысшы кадрлар және орта буын мамандарын дайындау:

- 04110100 - Есеп және аудит /4S04110102 – Бухгалтер;
- 04120100 – Банк және сақтандыру ісі/ 4S04120103 -Банк операциялары жөніндегі менеджер;
- 04130100 - Менеджмент (қолдану салалары бойынша)/ 4S04130101 – Менеджер;
- 04140100 - Маркетинг (салалар бойынша) / 3W04140101- Мерчендайзер, 4S04140103 –Маркетолог;
- 06120100 - Есептеу техникасы және ақпараттық желілер (түрлері бойынша)/3W06120101-Компьютерлік аппараттық қамтамасыз ету операторы;
- 10130300 -Тамақтандыруды ұйымдастыру/ 3W10130302 - Аспазшы;
- 07210300 - Нан пісіру, макарон және кондитер өндірісі 3W10130302 - Наубайшы модульді-кредиттік оқыту технологиясымен іске асырылды, мұнда оқыту орнына, нысанына және мерзіміне қарамастан, оқытудың барлық кезеңі ішінде біліктілікті беру үшін бағалау арқылы оқыту нәтижелерін тануды және ауыстыруды көздейді. Білім алушының оқу жүктемесінің көлемі кредиттермен өлшенеді. 1 кредит 24 сағатты құрайды. 60 кредит/1440 сағат. 1 жыл 10 ай - 120 кредит/2880 сағат, 2 жыл 10 ай-180 кредит/4320 сағат.

Негіздеме:

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына 5-қосымша «Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (23.07.2021 № 362).
- 2021-2022 оқу жылының басына техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін оқу орындарында оқу процесін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық-әдістемелік ұсынымдар 31.08.2021-ғы № 5-13-2/3424-И шығыс хаты.

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 31 қазандағы № 553 бұйрығының жобасы «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы».

Жұмыс оқу жоспарлары мен бағдарламалары "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізуге міндетті құжаттардың нысандары" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына сәйкес әзірленді.

Барлық дайындалған жұмыс оқу жоспарларында зерделеудің реттілігін сақтау мен оқу пәндерін және (немесе) модульдерді интеграциялау, оқу уақытын олардың әрқайсысы бойынша курстар мен семестрлер бойынша бөлу Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес іске асырылды. Жалпы білім беретін пәндер тізбесі мен көлемі қоғамдық-гуманитарлық, жаратылыстану-математикалық бағыттары бойынша мамандық бейінін ескере отырып айқындалды.

Факультативтік сабақтар және консультациялар.

Колледжде факультативтік сабақтар 1 оқу тобына аптасына 4 сағаттан аспайтын көлемде ұйымдастырылады. Факультативтік сабақтардың мақсаты – білім алушылардың қажеттіліктеріне, сұраныстарына, жеке мүмкіндіктеріне сәйкес оқу пәндері (модульдері) бойынша білімдерін кеңейту, тереңдету. Барлық мамандықтардың білім беру бағдарламаларында кәсіптік бағыттағы әртүрлі таңдау пәндері жоспарланған. Ал консультациялар оқу жылына 100 сағаттан асырмай қойылады. «Қазіргі замандағы этикет негіздері», «Мультимедиялық технология», «Веб дизайн негіздері», «Ағылшын тілі», «Тағам және химия», «Менеджменттегі коммуникация» және тағы басқа факультативтік пәндерден сабақтар жүргізіледі.

Факультативтік пәндерді таңдауды жаңадан қабылданған білім алушылар оқудың бірінші айында, ал оқуды жалғастыру арқылы – оқу жылы басталғанға дейін (әдетте, келесі каникулға кетер алдында) жүзеге асырылады. Білім алушыларға факультативтік пәндерді таңдауға көмектесу үшін бөлім меңгерушілері, колледж оқытушылары белгілі бір факультативтік курстың мәні, пайдасы мен мақсаттылығы жөнінде жан-жақты түсіндіру жұмыстарын жүргізеді. Шамадан тыс жүктемені болдырмау үшін сабақтан тыс жұмыстар аптасына төрт сағаттан аспайды.

Факультативтік пәндер бойынша сабақтар кестесін колледж директоры бекітеді, жұмыс оқу бағдарламалары мен оқу әдістемелік кешені дайындалады.

Қосымша 4.

Оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік жұмыстар.

Оқу-әдістемелік бірлестігі

1991 жылдан бастап колледжде ғылым мен білімді ұштастыру, әдістемелік жұмысты жетілдіру, жаңа технологияларды енгізу, мұғалімдердің біліктілігін арттыру мақсатында «Бизнес және басқару» бейіні бойынша

Республикалық оқу-әдістемелік бірлестігі аясында ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіліп келеді.

2021 жылға дейін оқу-әдістемелік бірлестіктің /ОӘБ/ жұмысы келесі мамандықтарды қамтыды:

1.1226000 Тамақтандыру кәсіпорындары өнімдерінің технологиясы және өндірісті ұйымдастыру

2. 0513000 – «Маркетинг» (салалар бойынша)

3.0515000 Менеджмент(салалар және аумақтар бойынша қолдану)

Оқу-әдістемелік бірлестігі келесі бағыттар бойынша жұмысты жүзеге асырады:

- ОӘБ мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу жоспарларды дайындау және жаңарту, оқу-әдістемелік кешендерді, оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендерді және электронды оқулықтарды сараптау және әзірлеу жұмыстарын жүргізу;
- оқу пәндері бойынша оқу-әдістемелік кешендерін әзірлеуді ұйымдастыру;
- қазіргі заманғы оқыту технологияларын енгізу бойынша ұсыныстар мен әдістемелік нұсқауларды әзірлеу;
- техникалық және кәсіптік білім беру /ТжКБ/ ұйымдарында оқу-әдістемелік жұмыстың қызметін ұйымдастыру тәжірибесін зерделеу және оны жетілдіру бойынша ұсыныстар дайындау.

2016ж.бастап колледждің ОӘБ «Кәсіпқор» холдингі» коммерциялық емес акционерлік қоғамымен техникалық және кәсіптік білім беруді жаңғырту саласында белсенді жұмыс істейді.

2019 жылы арнайы пән оқытушылары Дурумова Л.А., Ибрагимова М.Ж., Калыкова М.Н., өндірістік оқыту шебері Моисеева О.К. «Кәсіпқор Холдингі» КЕАҚ ұйымдастырған ТжКБ жүйесі бойынша оқулықтар сарапшыларының республикалық байқауынан өтіп, авторлық ұжымның құрамында келесі оқулықтар әзірледі:

1. «Тамақтандыру кәсіпорындарының табысты экономикалық дамуы үшін бизнес жоспар жасау» (Дурумова Л.А.)
2. «Емдік және мектептік тамақтануы үшін арнайы аспаздық тәсілдерді орындау» (Ибрагимова М.Ж., Моисеева О.К.)
3. «Микробиология, тамақтану физиологиясы және санитария негіздері» (Ибрагимова М.Ж., Моисеева О.К.)
4. «Сауда кәсіпорындарының жабдықтары» (Калыкова М.Н.)
5. «Кәсіпорындағы кәсіпкерлік, сервистік, маркетингтік қызмет» (Калыкова М.Н.)

2020 жылы оқу әдістемелік бірлестік бойынша директордың орынбасары Нуркасова Ж. ҚР Білім және ғылым министрлігінің ТжКБ департаменті және Алматы қаласындағы колледждер өкілдерінің қатысуымен өткен республикалық вебинарларда қашықтықтан оқыту жағдайында ОӘБ және колледждің тәжірибесімен бөлісті.

2021 жылдың наурызы мен маусымы аралығында Колледждің оқу-әдістемелік бірлестігі «Талап» КЕАҚ бірлесе отырып 04110100 Есеп және

аудит, 04130100 Менеджмент (қолдану салалары бойынша), 04140100 Маркетинг (салалар бойынша) мамандықтары бойынша бірлесіп кәсіптік стандарттарға сәйкес үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларын әзірледі.

Оқу-әдістемелік жұмыстар

Әдістемелік кеңес - коллегиялды кеңесу органы, құрамына барлық педагогикалық қызметкерлер мен оған теңестірілген тұлғалар, шығармашылық топ жетекшілері кіреді. Әдістемелік кеңес іс-қызметі "Әдістемелік (оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік) кеңес қызметінің үлгі ережесін және оны сайлау тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2007 жылғы 21 желтоқсандағы №644 бұйрығымен реттеледі.

Әдістемелік кеңес директордың оқу-әдістемелік жұмыстары жөніндегі орынбасары басқарады. Әдістемелік кеңес оқытушылардың шығармашылық топ жұмысына, ПЦК, ұжымның инновациялық іс-қызметіне жетекшілік етеді. Әдістемелік кеңес жүрісі мен оның шешімдері хаттамалармен толтырылады. Хаттамалар іс-қағаздар номенклатурасына сәйкес сақталады.

Әдістемелік кеңес педагогикалық кеңес алдында есеп береді, қабылданған шешімдерге жауап береді және оның іске асырылуын қамтамасыз етеді.

Әдістемелік кеңестің негізгі міндеттері:

- әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру бойынша ұсыныстарды талқылау және дайындау;
- оқу үрдісінің әдістемелік жабдықталуын талдау;
- педагогикалық және ғылыми кадрлар біліктілігін көтеру, қайтадан дайындау және аттестаттау жүйесін жетілдіру;
- колледжде басып шығарылатын оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік әдебиетті, көмек құралдары мен басқа да материалдарды сараптауды және ұсынуды жоспарлау, ұйымдастыру;
- педагогикалық ұжымның ғылыми-әдістемелік потенциалын жетілдіру бойынша жұмыстарды реттеу;
- оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру және жетілдіру бойынша мердігерлік тәжірибені жалпылау және тарату.

Колледждің оқу әдістемелік бөлімі әр оқу жылының басында әдістемелік жұмыстың және әдістемелік кеңестің жоспарлары бекітіп, соған сәйкес жұмыстар атқарады. Оқу-әдістемелік бөлімнің негізгі бағыттары:

- «Жас маман мектебі» тыңдаушыларымен жұмыс;
- Біліктілікті арттыру курстарынан өту;
- Педагогтерді аттестаттаудан өткізу жұмыстары;
- Ғылыми -әдістемелік жұмыстар;
- ПЦК жұмыстары.

Биылғы оқу жылында, оқытушылардың уақытша шығармашылық тобы құрылып Ережесі бекітілді. Топтың құрамы: 6 оқытушыдан тұрады.

1. «POLIGLOT».

2. «Салауатты ұрпақ – ұлт болашағы».
3. «Цифрлық педагог».

Мақсаты: білім беру үрдісін жетілдіру мен білім беру сапасын арттырудың өзекті мәселелерін шешу және колледж педагогикалық қызметкерлерінің қызметін жандандыру.

«Жас маман мектебінің» тыңдаушылары мен тәлімгерлер тізімі бекітілген. Тәлімгерлер жас мамандарға оқу-жоспарлау құжаттарымен қалай жұмыс жасау керектігін, сабақта педагогикалық технологияны пайдаланудың тиімділігін, жас педагогтарды жаңа жағдайларға бейімдеу үшін жұмыстар жүргізеді.

Жас мамандарға арналған әр түрлі семинар, конференция, шебер-сыныптар өткізіледі.

Негізгі тақырыптар:

- Оқу жоспарлау құжаттарының ережелерімен танысу және рәсімдеу
- Оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік жүйесін қолдану
- Жас педагогтардың жаңа жағдайларға бейімделуі
- Педагогикалық технологиялардың тиімділігі, ерекшеліктері
- Жас мамандарды біліктілікті арттыру курстарына жіберу, өзін-өзі жетілдіруі.
- Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім беру үрдісін академиялық дербестікті есепке ала отырып модельдеу
- 2021 жылдың IT-басымдылықтары

Біліктілікті арттыру курстарынан өтуі.

Педагогтердің біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары» бұйрығына сәйкес жұмыстар жүргізіледі. Колледж оқытушылары жоспар бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өтіп отырады.

Курстың негізгі бағыттары:

- Жас маман жобасы шеңберінде «Білікті кадрларды даярлауда халықаралық тәжірибені ескере отырып, педагогтердің кәсіби дамуы»;
- «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім беру процесін академиялық дербестікті есепке ала отырып модельдеу»;
- Мемлекеттік ТЖКБ ұйымдары педагогтерінің 2021 жылы жалпы орта білімнің жаңартылған мазмұнына көшуі шеңберіндегі біліктілік арттыру;
- Педагогтың цифрлық құзырлығын дамыту;
- Менеджмент в образовании в условиях обновления содержания образования.

Колледжде әрбір педагог тиісті бейіні бойынша 5 жыл ішінде кемінде 180 сағат көлемінде біліктілігін арттыру курстарынан өткен.

Кесте 4.17. Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарынан өткені туралы

№	Өткен орындары	Оқытушы саны
1.	"Назарбаев Зияткерлік мектептері"	83
2.	"Өрлеу" біліктілікті арттыру ұлттық орталығы	81
3.	Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы	2
4.	"Атамекен" ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы	11
5.	"Talar" коммерциялық емес акционерлік қоғамы-	202
6.	Басқада орындар	137
Барлығы		516

Колледждің арнайы пән оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлері өндіріс орындарында мамандықтарына сәйкес 72 немесе одан жоғары сағатты құрайтын тағлымдамалардан өткен.

Педагогтарды аттестаттаудан өткізу.

Кезекті және мерзімінен бұрын педагогтарды аттестаттаудан өткізу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес іске асырылады.

Әр оқу жылының басында жоспарға сәйкес педагогтердің аттестаттаудан өтуі бойынша әдістемелік бөлім семинарлар жүргізеді. Әрбір аттестаттаудан өтетін педагогқа бұйрық таныстырылады, олармен жеке жұмыстар жасалынады, портфолио бойынша құжаттарды жинақтауға көмектеседі.

2021-2022 оқу жылы бойынша инженер-педагог қызметкерлер саны, барлығы - 102; соның ішінде: педагогтар – 92; өндірістік оқыту шеберлері – 10.

Барлығы -102, оның ішінде:

- жоғары санатты – 21 (20%);
- бірінші санатты – 5 (5%);
- екінші санатты – 5 (5%);
- педагог – зерттеуші – 6 (5,9%);
- педагог-сарапшы – 1 (1%);
- педагог-модератор – 17 (16,7%);
- Санаты жоқ-47/46%

Біліктілік санаты бойынша – 55 (54%).

Кесте 5.1. Педагогтердің біліктілік санаты бойынша талдау

	Біліктілік санаты бойын	соның ішінде						
		Жоғары	бірінші	екінші	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы	Педагог-модератор	Санаты жоқ
Педагогтер – 92	51/55,4 %	21/22 %	4/4,3 %	5/5,4 %	5/5,4 %	-	16/17,3 %	41/44,5 %
Өндірістік оқыту шеберлері - 10	4/40 %	-	1	-	1	1	1	6/60 %
Барлығы - 102	55/54 %	21/20 %	5/5 %	5/5 %	6/5,9 %	1/1 %	17/16,7 %	47/46 %

Жұмыс оқу бағдарламалары.

Колледжде жыл сайын жұмыс берушілермен бірлесіп семинарлар, дөңгелек үстелдер мен шеберлік сабақтары өткізіледі, онда оқу процесін жоспарлау мен ұйымдастыруды жетілдіру мәселелері талқыланады, сонымен қатар жұмыс берушілердің ұсыныстары мен НҚА өзгерістері ескеріледі.

Барлық мамандықтар бойынша жұмыс оқу бағдарламалары ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарын ұстау үшін педагогикалық қызметкерлерге қажетті құжаттар нысандары» бұйрығына сәйкес құрастырылған. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 31 қазандағы № 553 бұйрығының жобасы «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 15 маусымдағы № 384 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары мен бейіні бойынша Оқу әдістемелік бірлестіктер әзірлеген үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламалары негізінде іске асырылады. Жұмыс оқу бағдарламалары жұмыс беруші әлеуметтік серіктестіктермен келісіліп, бекітіледі.

Әр оқу жылында оқытушылардың оқу-әдістемелік кешендері жаңартылып, сабақ жоспарларымен бірге бекітіледі.

Білім беру бағдарламалары барлық мамандықтарға жасалынған және КЕАҚ «Талап» порталында реестрге жүктелген.

Қосымша 5.

Оқытушылардың жетістіктері.

Олимпиадаларға, конференцияларға және педагогикалық шеберлік конкурстарына қатысу — оқытушы жұмысының ажырамас бөлігі. Колледж оқытушылары олимпиадаларға, конференцияларға және әртүрлі деңгейдегі кәсіби конкурстарға белсенді қатысады. Олимпиадаларға, конференцияларға

және конкурстарға дайындық — бұл өз қызметін терең түсінуді, өз жұмысы мен білім алушының жұмысының оң және теріс жақтарын мұқият талдауды талап ететін тынымсыз жұмыс. Ол маманның жеткен жетістіктерімен тоқтап қалмай алға ұмтылуына ықпал етеді. Сондай жұмыстардың нәтижелері марапаттар мен Құрмет грамоталарынан айқын көрінеді.

Олимпиадаларға, конференцияларға және байқауларға белсенді қатысу өз жемісін беруде, себебі - әрбір келесі кезеңде нәтижелер жақсарып отыр. Тәуелсіз Қазақстанның рухани және әлеуметтік дамуы жолында білім беру жүйесін дамытуға және білім беру сапасын арттыруға қосқан үлесі үшін ҚР Білім министрлігінің грамотасын алған физика пәнінің оқытушысы Г. А. Абдуллаева, тарих пәнінің оқытушысы Ж. А. Нуркасованың жетістіктері мысал бола алады. Арнайы пәндер оқытушысы Н.А. Ковалева «Заманауи педагогикалық технологияларды қолдану, білім алушыларды барлық деңгейдегі конкурстар мен конференцияларға дайындау арқылы білім беру жүйесін дамытуға қосқан үлесі үшін» ҚР Білім Министрлігінің Алғыс хатымен марапатталды. 2020 жылы ҚР Білім министрлігі Е. С. Сүлейменоваға Алғыс жариялады.

Оқытушылардың жетістіктері Алматы қаласы Білім басқармасының Құрмет грамоталары мен Мадақтамаларында да көрініс табады. Колледждің бірқатар қызметкерлері қызметтік міндеттерін үлгілі орындағаны, шығармашылық белсенділігі, мінсіз қызметі, білім және ғылым саласын дамыту бойынша басқа да жетістіктері мен сіңірген еңбегі үшін, сондай-ақ студенттердің қоғамдық-пайдалы қызметі үшін ынталандырып отырды. Нәтижені келесі мысалдардан көруге болады.

Алматы қаласы Білім басқармасы пандемия кезеңінде техникалық және кәсіптік білім беру саласында Қашықтықтан оқытуға белсенді жәрдемдескені үшін Ж.А. Нуркасованы Мадақтамамен марапаттады. Сондай – ақ өскелең ұрпаққа білім беру және адамгершілік, рухани және әлеуметтік тәрбие беру жүйесіне қосқан үлесі, шығармашылық табысы үшін арнайы пәндер оқытушылары Г.Е. Алдунгарова, Л.А. Дурумова, А.Т. Сериккулова, У.С. Таубалдиева, А.М. Искакова, Е.С. Төлеу, А.Ж. Жумағалиева, М.Ж. Ибрагимова, О.К. Моисеева, К.А. Ешбаева К, М.А. Серікболова, У.К. Дуйсенбаева, тарих пәнінің оқытушысы А.Б. Оралбаева, математика пәнінің оқытушылары А.К. Алишова, Ұ.Ә. Әбдісана, химия және биология пәндерінің оқытушысы Г.А. Ингайбекова, қазақ тілі мен әдебиеті оқытушысы А. А. Ахметжанова, тарих және базалық әскери-техникалық дайындық оқытушысы Ж. О. Журыновтар Алматы қаласы білім басқармасының Құрмет грамоталарымен және Мадақтамалармен марапатталды.

Техникалық және кәсіптік білім берудің жас шеберлері арасында «Өндірістік оқытудың үздік шебері-2019» қалалық байқауына қатысқаны үшін Алматы қаласы Білім басқармасының грамотасымен М.А. Серікболова марапатталды. Математика пәнінің оқытушысы Ұ.Ә. Әбдісана техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары арасындағы "Абыройлы ұстаз" қалалық байқауында 1 орын иегері ретінде Алматы қаласы Білім басқармасының

грамотасымен марапатталған. Алматы қаласы Білім басқармасынан білім алушыны олимпиадаға дайындағаны үшін математика пәнінің мұғалімі. А. К. Алишоваға Құрмет грамотасы ұсынылды.

Қалалық дене шынықтыру және спорт оқу-тәжірибелік орталығы өткізген іс-шара қорытындысы бойынша Алматы қаласының колледждері арасындағы XXV спартакиадада баскетболдан командалық спорт түрлерінде спортшыларды дайындағаны үшін (Диплом 3 орын), дене шынықтыру оқытушысы Орынтай Қ. О. марапатталды. Сондай-ақ Алматы қаласы Білім басқармасының грамотасымен Қазақстанның рухани және қоғамдық дамуы жолында дене шынықтыру мен спортты дамытуға қосқан елеулі үлесі үшін дене шынықтыру оқытушысы Е.С. Рабилов марапатталды. Алматы қалалық Туризм, дене шынықтыру және спорт басқармасы дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Е.С. Рабиловты "Халықаралық есірткіні теріс пайдалану және олардың заңсыз айналымына қарсы күрес күніне" арналған оқу орындары арасындағы командалар ішінен шағын футболдан "Үздік ойыншы" турниріне дайындағаны үшін марапаттады.

Алматы облыстық әкімдігі және Алматы қаласының аудандық әкімдіктері колледж оқытушыларының еңбегі мен жетістіктерін марапаттау үшін Құрмет грамоталары мен Мадақтамаларын тағайындады. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тіл саясатын насихаттау және Қазақстанның рухани бірлігін нығайту үшін талантты жастар арасында ұйымдастырылған "Тіл парасаты" аудандық байқауында білім алушыны дайындағаны үшін қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы А.К. Досайбекова Алматы қаласының Алмалы әкімдігінің грамотасымен марапатталды. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының ұйымдастырған э.ғ. к., профессор К. А. Китебаевты еске алуға арналған облыстық маңызы бар "IT-Бухгалтер-2021" байқауында білім алушыны дайындағаны үшін арнайы пәндер оқытушысы А.Т. Сериккулова І дәрежелі дипломымен марапатталды.

Колледж оқытушылары теориялық білімді ғылыми-тәжірибеде ұтымды қолдануда, себебі, олар енгізген өндемелер арқылы және өтінімді объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне (өнертабысқа авторлық құқық) табысты жұмыс істейді, Колледж қызметкерлері Г.А. Самаликова, Е.С. Сулеменова, Г.Ж. Себаева құрастырған «1С бағдарламасында оқу үрдістерін басқарудың автоматтандырылған жүйесі» 2021 жылғы 1 қыркүйекте № 20019 авторлық куәлік алды. Колледж қызметкерлері Е.С. Сулейменова, А. Б. Бакытов, А.Б. Жучковтардың "Сауда бөлімшесінің деректер базасын құру" атты өнертабыстық жобасы 2021 жылғы 20 желтоқсанда № 22459 авторлық куәлік алды, оқытушы Б. Аманжол спортшыларды тамақтандыруға арналған «Протеинді батончик» әзірлегені үшін № 6161 патент алды.

Оқытушылар дәстүрлі (офлайн) нысанда да, қашықтық (онлайн) форматта да түрлі іс-шаралар мен конкурстарға қатыса отырып, өздерінің кәсіби құзыреттіліктерін жақсартуда. Бұл жаңа нәрсені үйренудің немесе алынған нәтижелерді әріптестеріңізбен бөлісудің тамаша мүмкіндігі. Қазақстан Республикасы педагогтер қоғамы ұйымдастырған "Тәуелсіз елдің

ұстазы-2021" республикалық байқауына қатысқан педагогтердің жұмыс тәжірибесін және шығармашылық қызметін дамытуын көрсетті, онда арнайы пәндер оқытушылары А. Т. Серіккулова, Д. Е. Чайнусипова "Үздік педагог" төсбелгісімен марапатталды. Білім беру саласына қосқан елеулі үлесі үшін Қазақстан педагогтерінің қауымдастығы өткізген «Жыл үздіктері-2020» Республикалық байқауына арнайы пәндер оқытушысы Н. К.Бутабаева қатысып «БІ.Алтынсарин» төсбелгісімен марапатталды. «Халықаралық экология, инженерия және педагогика ғылымдары академиясы» қоғамдық қоры оқытушы Б.Т. Есенбаеваны кәсіби шеберлігі үшін "Білім беру үздігі" медалімен марапаттады. Л.А. Жармухамбетова Қазақстан Республикасы мұғалімдер қоғамының шешімімен білім беру саласындағы елеулі үлесі үшін «Білім беруге қосқан үлесі үшін» белгісімен марапатталды, сондай - ақ «Қоршаған ортаны қорғау, энергия және ресурстарды үнемдеу» бағыты бойынша «Эко болашақ» Республикалық қоғамынан алғыс хат алды.

Оқытушының педагогикалық шеберлігін жетілдірудің ажырамас бөлігі - ғылыми-әдістемелік жұмысындағы жинақталған тәжірибені талдауды, жүйелеуді және жалпылауды қамтиды. Осындай Әдістемелік жұмыстың нәтижелері "Колледждердің үздік әдістемелік қызметі" атты қалалық байқауда айқын көрінеді, онда жұмыс қорытындысы бойынша арнайы пәндер оқытушысы Н.А.Ковалева мақтау грамотасымен марапатталған, сондай-ақ Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы ұйымдастырған "Болашақ бүгіннен басталады" атты интернет-байқауына қатысып Республикалық маңызы бар "Техникалық және кәсіптік білім беру студенттері арасында" Алғыс хатпен марапатталды.

Арнайы пәндер оқытушысы А.Т. Серіккулова "Үздік педагог - 2020" Республикалық конкурсына қатысып, оның нәтижесі бойынша "Ізденімпаз оқушы" номинациясына ие болды, сондай-ақ "Педагогикалық идеялар" атты ІІ Халықаралық педагогикалық конкурсына қатысып, "Үздік ашық сабақ" номинациясы бойынша І орын жеңіп алды. Сонымен қатар, оқытушы А.Т. Серіккулова adisker.kz, мұғалімдердің республикалық сайты ұйымдастырған "Негізгі құралдар бойынша амортизацияны есепке алу әдістері" тақырыбындағы "Үздік сабақты таныстыру" конкурсына қатысып, ақпараттық технологияларды сенімді меңгергенін көрсетіп, 2 орынды жеңіп алды. Арнайы пәндер оқытушысы Р.А. Жармухамбетова "Сабақтың үздік таныстырылымы" Республикалық сырттай байқауына қатысып, 2 орынға ие болды.

Колледждің арнайы пәндер оқытушылары Н.А. Ковалева, А.Т. Серіккулова жыл сайын білім алушыларды "Мен кәсіпкермін" іскерлік экономикалық ойынына дайындайды, өндірістік қызмет жағдайында ұтымды шешімдер қабылдау дағдыларын қалыптастырады, нақты жағдайлар атмосферасын, болашақта жас кәсіпкерлер шешім қабылдайтын жағдайды жасайды. Бұл жұмыс жаңа бастамаға, белсенділікті арттыруға, ұйымдастырушылық және басқарушылық қасиеттерді дамытуға, сондай-ақ алынған экономикалық білімді қолдана білуге бағытталған. Білім алушылардың алған біліктері мен білімдері "Мен кәсіпкермін" VIII қалалық

іскерлік экономикалық ойынында "Қызметтер" номинациясы бойынша сәтті көрсетілді және Алматы қаласы Білім басқармасының грамотасымен марапатталды (1 орын). Сондай-ақ Алматы қаласы колледждерінің қауымдастығының білім алушыларды дайындау кезінде көрсеткен жақсы дайындығы мен шығармашылық тәсілі үшін Мадақтамасымен марапатталды. Колледж осы бағытта "Мен кәсіпкермін" IX қалалық іскерлік экономикалық ойынына белсенді қатысты. "Әлеуметтік кәсіпкерлік" Білім және Ғылым номинациясы бойынша 2 орын, «Өндіріс» номинациясы бойынша 1 орын, "Экология.Туризм" бизнес-жобасы «Paper bad» - 2 орынды (Алматы қаласы білім басқармасының грамотасы) иеленді.

Арнайы пәндер оқытушысы Н. К. Бутабаева "Менің мамандығым – менің болашағым" конкурсына қатысу үшін білім алушыларды жоғары кәсіби деңгейде дайындады. Оның басшылығымен бизнес-жоба ГРАН-ПРИ жеңіп алды, ал жетекшісі халықаралық Сервис және менеджмент колледжінің грамотасымен марапатталды. Н.К. Бутабаева сондай – ақ, Халықаралық Жастар ғылыми форумы "Жастар ғылымы апталығы – 2020" шеңберінде Республикалық интеллектуалды ойынға колледж студенттер командасын дайындады, онда колледж командасы III орынға ие болды (2020 жылдың наурыз айы) - аталған іс-шараны ұйымдастырушы Нархоз университеті болды.

Арнайы пәндер оқытушылары Г.Е. Алдунгарова, Г.Ж. Чайжунусова, Н.М. Айтпаева, Н.Н. Кумарханова "Self development! Go and play! Thik and grow rich" іс- шарасында АМБК мен Нархоз университетінің Экономикалық колледжінің экономикалық онкүндік аясында "Бухгалтерлік лабиринт" тақырыбына білім алушыларды даярлап, қатысты және онда Алғыс хаттармен марапатталды. Сондай – ақ олар білім алушыларды Тұран университетінің жобасы, "Тұран Үміті-2020" Алматы қаласы колледждерінің оқушылары арасында өткізілетін байқауға қатысып, "Әлеуметтік бастама" секциясы бойынша дайындады (3 орын алғаны үшін алғыс хатпен марапатталды).

Арнайы пәндер оқытушысы Н.К. Бутабаева Алматы қ., Т. Рысқұлов атындағы Нархоз Университеті жанындағы экономикалық колледжде "Ел ертеңі – білімді ұрпақ" зияткерлік ойынына АГБК білім алушыларын дайындауға белсенді қатысып, алғыс хатпен марапатталды. "Жаңғыру 3.0: "Рухани жаңғыру": экономикалық, саяси, қоғамдық сананы жаңғырту" ғылыми-практикалық конференциясына жетекшілік еткені және білім алушыларды дайындағаны үшін Алматы Экономика және құқық колледжінде Н.Н. Кумархановаға Алғыс хат берілді.

"Есеп және аудит" бағыты бойынша "Turan Profi Skills – 2021" қалалық кәсіби шеберлік олимпиадасына студенттер дайындағаны үшін "Тұран" университетінен Г. Ж. Чайжунусова, А. Т. Серіккулова, Д. Е. Чайнусипова бірнеше рет алғыс хаттар алды, "Ұлттық валютаға - 25 жыл" сондай-ақ Тұран Университетімен бірлесіп өткізген басқа да іс- шараларда 2, 3 орындарды иеленді. Сондай-ақ, осы университетте "Тұран" А.Ж. Жұмағалиевтің "Turan collegescience progest-2020" студенттік жобасының ғылыми жетекшісі қатысқаны үшін Алғыс хатына ие болды. Арнайы пәндер оқытушылары Н.М.

Айтпаева, Г.Ж. Чайжунусова, Г. Е. Алдунгарова, Н. М. Айтпаева, Д. Е. Чайнусипова «KASE Қазақстан қор биржасы» АҚ қатысуымен "Биржалық симулятор" оқу сауда-саттығы бойынша өткізілген іскерлік ойынға белсенді қатысып және бас директор Е. В. Мұхаметжановтың мадақтамасымен марапатталды. С. К. Оспанов "ЛИТЕРА-НМИ" Республикалық ғылыми-әдістемелік журналының Алғыс хатымен марапатталды. Г.А. Абдуллаева, Е.С. Сулейменова, У.К. Дуйсенбаева, Л.А. Дурумова, Ж.А. Капасова, К.А. Ешбаева, М.А. Серікболова "Дуальды оқыту жүйесі - кәсіби шеберліктің жаңа мүмкіндігі" қалалық семинарын ұйымдастырғаны үшін алғыс хатпен марапатталды.

"Халықаралық экология, инженерия және педагогика ғылымдары академиясы» Қоғамдық қоры оқытушы Б.Т. Есенбаваны оқу-тәрбие үдерісіне белсенді қатысқаны үшін марапаттады. Жоғары медициналық колледждің 40 жылдығына арналған "Жастар және ғылым: бүгінгі мен болашағы" атты студенттердің қалалық ғылыми-зерттеу жұмысына жетекшілік еткені үшін А.Ш. Солтиева алғыс хат алды.

«Холдинг «Кәсіпқор» КЕАҚ Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің оқу – әдістемелік бірлестігі ретінде техникалық және кәсіптік, орта білім беру ұйымдарындағы білім, оқу әдістемелік және ғылыми әдістемелік жұмыстарын дамыту мен үйлестірудегі белсенділігі үшін Ж.А. Нуркасова Алғыс хатпен марапаттады. "Жарқын болашақ" Республикалық шығармашылық орталығы ұйымдастырған "Жарық жұлдыз" V Республикалық балалар шығармашылығы байқауына Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы Ж.С. Керімқұлова талантты және дарынды оқушыларды дайындағаны үшін дипломмен марапатталды. "Мұрагер" шығармашылық орталығы "Менің елім" атты жасөспірімдер мен балалар шығармашылығының Республикалық байқауын ұйымдастырғаны үшін және өскелең ұрпақты адамгершілік тәрбиелеуге және олардың өнер саласындағы жетістіктеріне қосқан үлесі үшін Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы А.А. Ахметжанованы Құрмет грамотасымен марапаттады.

